



АЛАТАУ АРАЙЫ



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_arayy@mail.ru
www.alatauarayy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№ 8 (457) // 24 қаңтар // сенбі // 2026 жыл



ЖЫР АЛЫБЫНА - 180 ЖЫЛ!

Коллажы жасаған - Әліби ИБЕКЕНОВ

Жыраулық өнер және Жамбыл феномені

Жамбылтану ғылымы – ешқашан тоқтамайтын, суалып бітпейтін, таусылмайтын мәңгілік тақырып. Оның мұхиттай терең түбіндегі інжу-маржанын әр ұрпақ, әрбір замана көшіне келетін келесі буын өз биігінен зерттейді, зерделейді. Өзіне керегін алады, үрім-бұтағына аманаттайды. XXI ғасырдың ұрпағы, біздер де, өз сөзімізді айтамыз, саралаймыз, жүрек көзінен өткіземіз.

5-бет



3-бет

ЖАЛҒАН БАНКИРДІҢ ТҰЗАҒЫ



Мен, Құралбек СӘБИТОВ, газет бетінде «Абайлаңыз, алаяқ!» атты жаңа айдар ашып отырмын. Бұл бастаманың түпкі мақсаты – алаяқтықтың түр-түрі көбейген бүгінгі уақытта адамдардың сақтық мәдениетін қалыптастыру. Өйткені алаяққа алдану

– бір адамның ғана басынан өтетін күйзеліс емес, ол бүтін қоғамның сенім кеңістігін әлсірететін дерт. Осы орайда алаяқтыққа тап болған адамның нақты оқиғасын келтіре отырып, көпшілікті одан сақтандыруды мақсат етіп отырмын.

Жаңа айдарда алаяқтықтың сан түрі жүйелі түрде талданады. Әр мақала бір тағдыр, бір сабақ, бір сақтық шеңбері болмақ. Мен оқырманды алаяқтың аяласынан қорғап, сақтық шарасына жетелегім келеді. Себебі бүгінгі қоғамның ең мықты қорғаны – саналы сақтық!



4-бет

ҚАНТ ДИАБЕТІ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ

Кейінгі кезде қант диабетімен науқастанғандар саны көбейіп бара жатқаны жасырын емес. Оның өсу қарқыны дүниежүзі бойынша 8-10 пайыз болса, Қазақстанда 7 пайызды құрап отыр. Былтыр елімізде 540 мыңға жуық адам диспансерлік есепте тұрған. 2030 жылға қарай оның саны 900 мыңға жуықтап қалуы мүмкін деген болжам бар. Бұл жайт дәрігерлердің алаңдаушылығын туғызып отыр. Қант диабетін алдын алудың ең тиімді жолы – салауатты өмір салты. Дұрыс әрі уақытылы тамақтану, қант пен ақ ұннан жасалған өнімдерді шектеу, газдалған сусындардан бас тарту, тұрақты физикалық белсенділік, тәулігіне кемінде 7-8 сағат ұйықтау, күйзелісті басқару – негізгі қағидалар. Дұрыс тамақтану мен ұйқы режимін қалыптастыру өте маңызды. Қант диабеті бір күнде пайда болмайды, ол жылдан бойы қалыптасады. Сондықтан бүгінгі дұрыс әдет – ертеңгі сапалы өмірдің кепілі.



Ерлан САИРОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

БҮЛ НЕ ДЕГЕН БАССЫЗДЫҚ?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев біз үшін «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» деп айтты. Ата-бабамыздың қайтпас қайсарлығы мен қажымас күресінің нәтижесінде келген Тәуелсіздікті сақтап тұру үшін бізге бірлік, тұтастық, ынтымақ қажет. Алайда соңғы кездері қоғамда бірлік пен тұтастықты нығайтудан гөрі, халықты жәсікке бөлуге бейім үдеріс күшейіп келеді. Жекелеген контент өндірушілер мен кәсіпкерлер рулық сананы жалаулатып, күнделікті тұтынатын жейде мен шапандарға ру атауын жазып, оларды «бренд» немесе «маркетингтік өнім» ретінде сатылымға шығаруда.

Әлеуметтік желілерде де жастарға рушылдық психологияны таңатын контент шектен тыс көбейіп кетті. Бұл ұлттың бірлігін ішінен құртатын қауіпті тенденция киноға да жетті. Осындай қажетсіз тақырыпты арқау еткен арнайы фильм прокатқа шығарыпты. Бұл арқылы кино түсірушілердің не айтпақ болғаны түсініксіз. Қазақтың руларын салыстыратын, кемсітетін фильмдердің мақсаты қандай? Тіпті бұл фильмді жарнамалау үшін жасалған арнайы экспозицияда руга бөлінуді қойып, Қазақстанның картасын үш жүзге бөліп қойғанды көрдік.

Бұл не деген бассыздық? Ұлт үшін ең сезімтал тақырыпты айқайлатып әлеуметтік контент, кино тақырыбына айналдырып, көрермен жинаудың түбі жақсылыққа әкелмейді. Творчестволық бостандық қажет. Бірақ творчестволық бостандық мына алай-дүлей заманда, ұлттың бірлігін бұзып, мемлекеттіліктің тамырын қиыға қабілетті деңгейге шықпауы тиіс. Жасөспірімдер үшін кино және медиаконтенттің тәрбиелік ықпалы жоғары екенін ескерсек, бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды.

Данышпан Абай «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп бекер айтпаған. Рушылдық тенденция – қоғам ішінде мемлекеттік ойлау қабілетін коррозияға ұшыратып, мемлекеттілікті шашыратуға әкелетін қауіпті құбылыс. Ғалам мәңгі болса, сонша мәңгі болатын Қазақстанды құрамыз десек, ұлт ішінде артықшылығымызды кемшілік деп көрсететін, бір ұлт ішіндегі руларды бір-біріне айдап салатын, арандатушылық материалдарға тыйым салынуы керек.

Президентіміз өз Жолдауында: «Оскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет», – деп мемлекетіміздің мызғымас саясатын анықтап берді. Осыған байланысты Ақпарат және мәдениет министрлігі жанынан кинопрокатқа шығатын отандық фильмдердің мазмұнын алдын ала көркемдік-эстетикалық, идеологиялық, ұлттық бірлік тұрғысынан сараптайтын тұрақты комиссия құруды шұғыл түрде іске асыру қажет дер едім. «Ұлттық код» және «мәдени ерекшелік» ұғымын жетілеу етіп, қоғамды бөлшектеуге, рушылдық пен жіксіздікті насихаттайтын әрекеттерге нақты тосқауыл қою керек. Мәдени салада, әлеуметтік желіде, Қазақстан халқының бірлігін көрсететін, жалтұттық «Біз – қазақпыз!» деген мағынадағы контентті көбейтуге тиісіз.

БАСПАСӨЗ – 2026

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2026 жылға газетке жазылу науқаны жалғасуда. Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз: **87476881741, 87082109571**

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1, 3-қабат.

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны, тілді бай, қазынасы мол бағалы. «Алатау арайына» жазылыңыз, Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Жазылушылар	Индексі	6 айға		11 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	5742,72	5742,72	10528,32	10528,32
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	10614,24	7326,72	19459,44	13432,32
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5382,72	5382,72	9868,32	9868,32

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ: (6 немесе 12 айға)		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3500	7000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	5000	10000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ: (6 немесе 12 айға)		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	4000	8000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.



КЕҢЕЙГЕН КӘСІП, ӨРКЕНДЕГЕН ӨНДІРІС

Ару Алматының түбінде орналасқан Гүлдәла ауылында алма өсірумен айналысатын «Amal Bio» атты компания бар. Әрине, нарық заманында тек бір өнім өндіру аздық ететіні анық. Сондықтан отбасылық бизнес ретінде құрылған жасаукершілігі шектеулі серіктестіктің иелері Асқар Сабыров пен Динара Рүстембаева тек алма өсіріп қоймай, одан әртүрлі шырын өндіруді де жолға қойған. Ол үшін жан-жақты ізденіп, білімдерін шыңдауға, тәжірибе жинауға тура келген. Есесіне еңбектері зия кетпеген, қазіргі кезде «Amal Bio» еліміздегі ең табысты компаниялар қатарында.



«Amal Bio» өнімдері сұранысқа ие

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ —

Асқардың айтуынша, алма өсіру идеясы оған кездейсоқ келмеген. Марқұм атасы Қуаныш ақсақал – II Дүниежүзілік соғыстан оралған соң майдандас достарын ұмытпау үшін 100 түп алма ағашын отырғызып, оның әрбіріне қаза болған жауынгерлердің есімін береді. Сөйтіп, әрқайсысының қасына келгенде оны тірі досындай көріп, өзінше «тілдесіп» жүреді. Атасының бұл әрекеті немересіне үлкен ой салып, «атамның құрметіне алма өсіремін» деген ұйғарымға келеді. Сөйтіп ол Еңбекшіқазақ ауданындағы Ащыбұлақ ауылында тұратын досынан 160 гектар жер сатып алып, қарқынды бау-бақша өсірумен айналыса бастайды. Оның үстіне күнде дүкен сөрелерінде тек поляк алмасын көріп жүрген ол сапалы отандық өнім өндіруге бел бауады. Осылайша Маловодный ауылындағы «Бестөбе» деп аталатын жерде қарқынды бақтар пайда болды. Онда алманың 16 сорты өсіріледі, бақта 80 адам жұмыс істейді. Аумағы 150 гектар жерді алып жатыр, мұнда 600 мың түптен астам алма ағашы өсіп тұр.

Кәсіп иелері АҚШ-тың Вашингтон штаты, Италия, Германия және Австрия елдеріне барып, алма бақтарын өсірудің озық технологияларын меңгереді.

– Біз Италияда алма ағаштарының 12 сұрыбын таңдап, көптеген көшет сатып алдық. Жергілікті климатта қайсысы жақсы орнығатынын көру үшін соның бәрін отырғыздық. Бақытымызға қарай, барлық алма ағаштары құлды өз отанына келгендей, бірден тамыр жайып кетті. Сөйтіп алма ағаштарынан жоғары өнім алу үшін тамшылатып суару технологиясын енгізу туралы шешім қабылдадық, себебі бұл алма үшін өте жақсы. Оның үстіне Қазақстанда тұшы су мәселесі бар. Егер барлық бағбан тамшылатып суаруға көшетін болса, онда бұл түйткіл өте тиімді шешіледі, – дейді кәсіпкер.

Оның түсіндіруі бойынша, бұл – олардың отбасылық бизнесі. Зайыбы Динара өздері өсірген алмадан шырын өндірумен айналысады. Түсі игіден түнілме дегендей, жүзі жылы келіншек бізді күлімдеп қарсы алып, алма сақтау технологиясы мен жұмыс үдерісі туралы кең түрде айтып берді.

Компания аумағы 4 гектарды құрайтын жеке жеміс қоймасын да салып алған. Заманауи ғимараттың ішінде әрқайсысының сыйымдылығы 250 тоннаны құрайтын 12 камера бар. Оларда 3000 тонна алманы сапасы бұзылмаған балғын күйінде сауда нүктелеріне жібергенше бірнеше ай бойы сақтауға болады.

Динара Рүстембаева сондай-ақ Германиядан сатып алынған жартылай автоматты желілер, сығу және тікелей сығу құралдары бар шырын өндірісі туралы да айтып берді. Мұнда жылына 300 мың литр мөлшерінде шырын өндіріледі екен. Ерлі-зайыпты кәсіпкерлер бұл өндірісті бастағанына үш жылға жуықтапты. Шырын шығару үшін тауарлық түрі төмен, басқаша айтқанда кондициялық емес алмаларды алатын көрінеді. Демек, әртүрлі себептермен езілген, қыршылған алмалар да зая болмайды деген сөз. Арнайы ыдыстарға құйылатын шырындар келісімшарт арқылы супермаркеттерге, балабақшаларға, мектеп асханаларына сатылады. Зауыт басшысы келешекте желілер санын, сол арқылы өндіріс көлемін ұлғайтуды да жоспарлап отыр.

Біз компанияның аты неге «Amal Bio» деп сұрағанымызда, Амал – олардың қызының есімі екенін білдік. Сондықтан осы есімге «Bio» сөзін қосып, кәсіпорынның атауына үміт, мүмкіндік, жаңғырған жаңа өмір деген нақты мағына сыйғызыпты. Түсінген адамға бұл да тапқырлық. Динараның айтуынша, қызы да компаниямен бірге өсіп, бойжетіп келеді.

Компания үздік шетелдік мамандарды тарта отырып, алманың ең жақсы сұрыптарын селекциялық әдіспен шығару бойынша үлкен ғылыми жұмыс та жүргізіпті. Кәсіпорынның өз питомнигі мен тәжірибе бақшалары да бар.

Мұнда «Amal Bio» командасы жұмыс істейді. Оның құрамында тек аграршылар ғана емес, сонымен қатар биологтар, химиктер де бар. Олар шетелдік сорттарды бейімдеп, біздің климатқа төзімділерін сұрыптайды. Өткен жылы казакстандық көшеттерден алғашқы өнім алыныпты. Динара бізге сол «Апорт-Амал» деп аталатын алманың жаңа сортын көрсетті. Ол өнеркәсіптік мақсатта емес, түрлі фестивальдарда көрме өнімі ретінде көрсетіледі екен. Түрі қарбыз тәрізді қызыл болғанмен, онша тәтті емес, бірақ салатқа қосуға болатын көрінеді.

«Amal Bio» ЖШС өнімдерін тек отандық сауда орындары ғана емес, сонымен қатар, Новосібір, Томск және Ханты-Мансийск қалаларынан да серіктестер сатып алады. Компания басшылығы келешекте көшеттерді экспорттау үшін Батыс елдерінде сұранысқа ие алма ағаштарының алты бірегей сортын шығаруды жоспарлап отыр. Бұл бастаманы жүзеге асыру үшін олар қазір Вашингтон және Болон университеттерінің аграрлық факультеттерімен бірлескен жұмыс жүргізіп жатыр.

– Жобалар көп, тек жұмыс істеу керек. Біз өзімізді сүйекті дақылдар өсіруде де сынап көргіміз келеді. Тәжірибелік бақтар аумағында түрлі сұрыптағы шие, кара өрік, өрік, шабдалы өсірілді. Өзірге өнеркәсіптік ауқымда желілер арқылы сату іске қосылған жоқ. Өнімді жергілікті тұрғындар мен алматылықтар сатып алып жатыр. Бұл да агробизнесіміз дұрыс жүргізудің жақсы мысалы. Біз бір нәрсемен шектеліп қалмай, өндірісті барынша әртарапандырығымыз келеді. Ең бастысы, біздің компанияда өнімді қайта өңдеуден бастап, сатуға дейінгі барлық тізбек жолға қойылған. Заманауи жеміс қоймасы – казакстандықтардың маусымаралық кезеңде импортқа тәуелді болмайтынының айқын кепілі. Басқаша айтқанда, біздің аймақта әрқашан ел ішінде өндірілген өз жемістеріміз бен көкөністеріміз болады, – дейді Асқар Сабыров.

Тағы бір нәрсе атап айтқан жөн, бұл фирмада өсірілген алма жоғары сапасы және қолжетімді бағасымен ерекшеленеді. Компанияда негізінен қазіргі заманғы технологияларды шетелде меңгерген жас мамандар жұмыс істейді. Бұл тәжірибе болашақта да жалғасын таппақ.

Осылайша Асқар мен Динара бастаған шағын кәсіп бүгінде 100-ден аса адамды жұмыспен қамтып отырған үлкен өндірістік компанияға айналды. Ең бастысы, оның игілігін ел көруде.

Талғар ауданы

Быттыр қараша айында Мемлекет басшысының өңдеу үлесін арттыру тапсырмасы аясында Қонаев қаласындағы «Қапшағай бидай өнімдері» зауыты қайта жаңғыртылып, іске қосылды.

Қонаевта бидай өңдейді

● Гүлзат БАЙҚОНЫС —

Мұнда бидайды терең өңдеп, дайын өнімді экспортқа шығарады. Солтүстік облыстардан келетін бидайдан ұн, жем және өсімдік майы өндіріледі. Атыраудан әкелінген пластикті өңдеп, одан алынған жіптен ұн мен жем салынатын қап жасалады. Зауыттың толық циклді өндіріс жүйесіне элеватор, ұн, құрама жем, қап және өсімдік майын шығаратын цехтар, шикізат пен дайын өнім қоймалары, зертхана, қазандық, локомотив депосы және асханасы бар әкімшілік корпус кіреді. Қапталған өнімді бір мезгілде 5 контейнерге дейін тиену мүмкіндігі бар. Тәулігіне шамамен 1500 тонна жем, 300 тонна өсімдік майы, 120 контейнер өнім алынады. Өнім Қытай мен оңтүстік-шығыс Азия елдеріне экспортталады. Шикізат Ақмола облысынан жеткізіледі. Кәсіпорында 400-ге жуық адам тұрақты жұмыс істейді, жаңа өндірістік желілер іске қосылғандан кейін олардың саны 500-ге дейін артпақ.



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

– «Қапшағай бидай өнімдері» компаниясы дәнді және майлы дақылдарды өңдеп, буылт-түю материалдарын шығарады. 2024-2025 жылдары жүргізілген жаңғырту кезінде ескі ғимарат, элеватор толығымен жаңғыртылып, жанына жаңасы бой көтерді. Құрама жем мен май цехтары салынды, сондай-ақ контейнерлік терминал, қойма және теміржол инфрақұрылымы пайдалануға берілді. Жабдықтардың 90%-ға жуығы жаңадан орнатылды. Кәсіпорынның жылына 1 млн тоннаға дейін өнім шығаруға мүмкіндігі бар. Оның 90%-ы сыртқы нарыққа экспортталады. Дамудың келесі кезеңі – тазартылған өсімдік майын өндіруді дамыту. Жабдықтарды сатып алу және құрылыс жұмысын бастау осы жылға жоспарланған. 2026-2030 жылдар аралығында жүгеріге арналған кентіру кешенін орнату, 5 км темір жол салу және астық пен майды ауыстырып тиеу басын дамыту жоспарлануда. Қосымша инвестиция көлемі 56 миллион АҚШ долларына бағаланды. Зауыт қызметі өңірдің агроөнеркәсіптік және логистикалық әлеуетін дамытуға ықпал етеді, – деді компания басшысы Ринат Токпанов.

Кәсіпорын қызметкері Асхат Белесаров жұмыс барысы жайлы баяндап берді. «Өндіріс ашылғалы бері жүк тиегіш техникасын тізгіндеп, қызмет етіп келемін. Күндізгі, түнгі ауысыммен жұмыс істейміз. Жүк тиегіштің ішінде күн суық мезгілге арналған пеш орнатылған. Жалақымыз да жақсы, уақытымен түсіп тұрады. Қызметтік көлік және тегін тамақтану қарастырылған. Мұндай кәсіпорындарды көптеп ашылуы халықтың жұмыспен қамтылуына, әлеуметтік жағдайының жақсаруына септігін тигізеді деп ойлаймын», – деді ол.

Сөзімізді түйіндеп, ауыл шаруашылығы саласында Алматы облысындағы екінші ірі кәсіпорын – «Қапшағай бидай өнімдері» болашақта астық өңдеу мен отандық өнімді экспорттауды дамытуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашатыны сөзсіз.

Қонаев қаласы

Ниет болса, еңбек ететін деген адам екі қолға бір күрек табады. Маңдай термен ұл-қызын өсіріп, адал ісімен көптің алғысына бөленіп отырған Ермек Адамбекұлының кәсібі туралы әлеуметтік желіден байқап қалдық. Ағамыз нарықта кең тараған кәсіпті жаңа жолмен түрлендіріп, нәсібін көріп отыр екен.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ —

Қазір аттап бассак, жолдың бойында «Дөңгелек жөндеу» орындарын көп көреміз. Көлік дөңгелегінің желі азайса, үрлеп, жарылғанын лезде жөндеп береді. Дәл осы кәсіппен Еңбекшіқазақ ауданындағы Қазтай Ұлтраков ауылының тұрғыны, бес баланың әкесі – Ермек Адамбекұлы үш жылдан бері айналысып келеді. Оған дейін ұзақ жыл теміржол саласында қызмет еткен. Алайда жүргінуіне ота жасағаннан кейін теміржолдағы қызметке денсаулығы жарамай, жұмыстан шыққан.

Еңбек адамы қол қусырып жатысын ба? Денсаулыққа ауыр салмақ түсірмейтін, қолынан келетін іс іздеп жүргенде сатылымға қойылған вулканизацияны көзі шалады. «Байқап көрсем, қалай болар екен? Қолымнан келе ме?» деген қызығушылықпен сатушыға хабарластым. Шағын ғана контейнер. Ішінде дөңгелек жөндеумен айналысуға қажетті құрал-сайманының бәрі түгел екен. Иесі істің мән-жайын толық түсіндіріп берді. Бағаларыммен

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ДӨҢГЕЛЕК ЖӨНДЕУ бұл туралы естіп пе едіңіз?

ақылдасып, контейнерді сатып алдым. Сонымен тәуекелге бел буып, жаңа кәсіпті бастап кеттік. Контейнерді ауылдың сыртына үлкен жолдың жиегіне әкеліп қойып, бастапқыда тек жеңіл көліктердің дөңгелегін жөндедік», – деген Ермек Адамбекұлы аз уақытта жаңа іске қолы үйреніп, үлкен жүк көліктерінің де дөңгелегін жөндеуге машықтанған.

«Кәсібімізді кеңейту үшін жүк көліктерінің де дөңгелектерін жөндей бастадық. «Алматы – Қорғас», «Алматы – Көкпек» бағытының қиылысында, үлкен жолдың бойында орналасқан соң мұнда біздің қызметімізге сұраныс та көп. Қытайға баратын, ол жақтан Ресей, Еуропаға шыққан мыңдаған жүк көлігі күнделікті ағылып жатыр. Нарынқол, Кеген, Шонжы жаққа барып-келіп жатқан көліктер де бар. Олардың бірінің дөңгелегі жарылса, енді бірінікі жыртылып, жанып кетіп те жатады. Жолда неше түрлі жағдай болады. Кез келген қиындықтағы жұмысты алып, жолаушылар жолынан қалмай, диттеген жеріне аман жетугіне өз үлесімізді қосып жатқанымызға шүкіршілік етемін. Дөңгелегі жөнделіп, ұйрымы сейілген жандар алғысын жаудырып, жүрекке жылу сыйлайды. Бұл сауабы мол іс қой», – дейді Ермек аға.

Нарықтағы қарапайым кәсіпке жаңа серпін беріп, пайдасын арттыру ғана емес, сондай-ақ тұтынушының сұранысына



сай қызмет ұсына білу, әрі ол қызметті сапалы көрсету – нағыз кәсіпкердің ісі. Бұл – кәсіпке адал, халыққа пайдалы болудың көрінісі. Осы іскерлік қасиет Ермек Адамбекұлының да бойынан байқалады. Өзге дөңгелек жөндеушілер бір орында тұрып қызмет көрсетсе, кейіпкеріміз «Жылжымалы дөңгелек жөндеу» қызметін іске қосқан. Сол арқылы алыс жолда, иен далада қалған жолаушыларға көмекін көрсетеді.

«Жылжымалы дөңгелек жөндеу» қызметін іске қосқанымызға бір ай ғана болды. Осы уақыт ішінде 15 мәрте ұзақ жолға шығып, тапсырысқа бардық. Кеше 100 шақырымдағы Шонжыға,

оның алдында 200 шақырым жерде жатқан Жаркент жаққа барып, жолда қалған көліктердің дөңгелегін жөндедік. Күннің ыстық-суығына да қарамай, тәуліктің кез келген уақытында тапсырыспен шақырған жеріне барып, дөңгелектерін жөндеп береміз. Көлік жүргізушілері де, жолаушылар да алғысын айтып жатады. Біз де жол амаңдығын тілеп, шығарып саламыз», – дейді кәсіпкер.

Әрине, жолда қалған көлікті эвакуатор жалдап, жолда орталығына апарғаннан гөрі, оқиға орнына шеберлерді шақырып жасатқан әлдеқайда арзан, әрі уақыт жағынан да тиімді болары сөзсіз.

Еңбекшіқазақ ауданы



Жемқорлыққа жол жоқ

Қонаев қаласында облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында «Stop corruption» атты оқушылармен кездесу өтті.



● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Алдымен жемқорлықтың түбі тығырыққа тірейтіні, адал еңбек қана бақытқа жетелейтіні жайлы бейнеуіңді көрсетілді. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Дархан Мұхамедияров мұндай заңсыз әрекетке барған жағдайда қандай шаралар қолданылатыны жайлы ақпарат берді. Қатысушылар ойларын ортаға салып, пікір алмасып, спикерге өздерін толғандырған сұрақтарын қойды.

– Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек уәкілетті органның ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігіндегі мәселе. Қандай да бір заң талабының бұзылғанына көзі жеткен жан міндетті түрде жауапты мекемеге хабар беруі тиіс. Біз көбіне есей бермейтін қарапайым әрекеттердің өзі жемқорлықтың бастауы болуы мүмкін. Жастар – мемлекет тірегі, еліміздің болашағы. Сондықтан бала кезден мұндай жолдан аулақ болуға тәрбиелеуіміз керек, – деді Дархан Нұртілеуұлы.

Кездесуге қатысқан Қонаев қалалық №2 орта мектеп оқушысы Мерей Қуандық: «Еркін форматтағы жүздесу барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты мәнді ақпараттарды біліп, оған жол бермеудің қаншалықты маңызды екенін түсіндік. Мұндай шаралар жас буын арасында жиі өткізілуі керек. Себебі әділ қоғам қалыптастыру өзіміздің қолымызда», – деген ойымен бөлісті.

● ҚЫС-ҚЫСТАУДА

Мал-жан аман ба?

Шалғайдағы қыстауларда мал-жанның амандығын білу үшін Жамбыл ауданы әкімдігінің жауапты мамандары арнайы жолға шықты. Қыстауларды ұйымдастыру және қысқы кезеңде мал шаруашылығын тұрақты бақылау мақсатында құрылған штаб мүшелері сапар барысында шаруалармен кездесіп, малды ауылдың тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Штаб құрамында Жамбыл аудандық мәслихат төрағасы Мадияр Әміргалиев, аудан әкімінің орынбасары Азамат Сұлтанов, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Аян Нұрпейісов, аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Данияр Балаев және тиісті бөлімдердің мамандары болды. Олар Жамбыл ауданының төменгі аймақтарында мал қыстатып отырған орындарды аралады. Қыстақтағы жағдай, жем-шөп қорының жеткілікті болуы, қора-жайдың дайындығы, ветеринариялық ахуал және инфрақұрылыммен қамтылу жағдайына баса назар аударды. Сондай-ақ шаруалардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, туындаған мәселе бойынша тиісті түсіндіру жұмысын жүргізді.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Дүйсенәлі Енжелешевтің айтуынша, аудан орталығынан шыққан топ ә дегеннен Күрті бағытымен жүзден астам шақырымды арқа тастап, Ащысу ауылынан өтіп, «Айсултан» шаруа қожалығының қыстауына атбасын бір-ақ тіреді. Аталған шаруашылық Талап селолық округінде тіркелген, қожалық иесі – Асқар Ерімбетов. Өзі болмағанымен малшысымен тілдесіп, жағдайын сұрап, төрт түліктің амандығын білді. Мұнда 800-ге жуық қой қыстатылуда. Штаб мүшелері одан ары Қоғалыдағы қыстауға барды. Мұнда «Дегерес С» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 200-дей жылқысы, 70-80 бас ірі қарасы күтімге алынған. Жылқы күнұзаққа жайылымда, ал ірі қараны өріске жайып келіп, бір мезгіл жем-шөп береді.

Одан кейін барған қыстауларда да малшылармен кездесіп, шаруа жайына қанықты. Сарыбұлақ қыстауында Орынбек Әміргалиевтің «Көктөбе» шаруа қожалығы орналасқан. Одан ары Аңырақай жазығындағы Қызылқайнар учаскесінде Ғабит Үмбетовтің Аққайнар ауылдық округіне қарасты «Аян» шаруа қожалығы бар. Жалпы малының жартысы сонда, яғни 2500-дей қой, мыңға тарта жылқы, 200-ден астам ірі қара қыстатылуда. Штаб мүшелері тарихтан мәлім Аңырақай шайқасының орнында болып, оған 2001 жылы қойылған белгітасты көрді. Одан кейін Ұзынағаш округіне тиесілі Бескөлге барып, талаптық Рахат Әбілдаевтың «Алмас» шаруа қожалығының жағдайымен танысты. Мұнда 500 бас ірі қара бағылуда, мал бордақылау алаңы бар, демалыс кешені салынған.

Сапар Қаншеңел жақта құмның жиегінде орналасқан қыстауларға жалғасты. Ондағы «Түйеқора» деген жерде Теміржол ауылдық округінің «Қазыбек бек» ЖШС жылқы ұстайды. Жиектен төмен 12 шақырымдай құмның ішіне еніп, аяқтағы жолға дейін түсті. Бұл аралықта малға азық болар ештеңе жоқ. Ал одан ары «Күрті орман шаруашылығы» мемлекеттік мекемесінің жері басталады, онда жайылым бар. Сол маңда Айдарлы, Жамбыл, Талап, Самсы, Үлгілі ауылдық округтеріне қарасты бірнеше шаруа қожалығы өздеріне тиесілі жерлерінде жайылым болмағандықтан, аталған орман шаруашылығының жерін жалға алып мал қыстатып отыр. Аудан орталығынан барған жауаптылар солардың бірнешеуіне жолықты.

Ертелетіп жолға шыққан топ қас қарайғанша 700-дей шақырымды еңсергенін айтады. Мұндай шара қыс мезгілінде мал шығынын болдырмау, шаруалардың қауіпсіз әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдау шараларын тиімді жүзеге асыруға бағытталған. Бақылау және мониторинг жұмысы алдағы уақытта да жалғасын табады. Енді штаб мүшелері тау бөктеріндегі Қарғалыдан бастап, Дегереске дейінгі ауылдардың қыстауларын араламақ.

Жамбыл ауданы



● Жаңа айдар: АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚ!

Ауылдағы Айгүл апай үшін бәрі қарапайым телефон қонырауынан басталды. Дауысы сенімді, сөзі байыпты бейтаныс адам оның күнделікті тіршілігін бір сәтте басқа арнаға бұрып жіберетінін ол сол кезде білген жоқ. Көзсіз алдануға кезігіп, соның салдарымен арналысып, ішкі күйзеліспен күресетінін де сезбеген еді. Телефон қонырауы кейде түрлі тағдырды тұзаққа түсіріп, өмірді өзгертуге дейін барады. Оның артында үміт тұр ма, әлде өзегіңді өртейтін өкініш қол бұлғай ма, оны ешкім біле бермейді.

Айгүл апай үшін де сол күн әдеттегі күндердің бірі еді. Таңғы шайын ішіп отырып, теледидардан жаңалық көрген. Ауылда арақидік араласатын ағайыны болмаса, шағын үйде жалғыз тұрады. Балалары өз алдына шаңырақ көтеріп кеткен, кейде ғана хабарласқанымен, жиі келмейді. Зейнетақысы түссе, дүкенге барып азық-түлік алады, дәрісін түгендейді, қалғанын немерелеріне деп сақтайды. Өмірі қарапайым, бірақ алаңсыз еді. Сол күні де бәрі әдеттегідей басталған.



Қолжазғы жазған – Әліби ІЗЕКЕНОВ

ЖАЛҒАН БАНКИРДІҢ ТҰЗАҒЫ

● Құралбек СӘБИТОВ

Телефон шырылдағанда, тағы біреудің жарнамасы шығар деп аса мән бермеген. Бірақ қонырау бір емес, екі рет қайталады. Ақыры көтерді.

– Сәлеметсіз бе, Айгүл Тұрсынбайқызы? – деді тұтқаның ар жағындағы байсалды дауыс.

– Иә, тыңдап тұрмын.

– Мен сізге Ұлттық банктің қауіпсіздік қызметінен хабарласып тұрмын. Қазір сіздің атыңызға белгісіз біреу несие рәсімдеуге әрекет жасап жатыр. Егер тез арада шешім қабылдасасақ, шотыңыздан ірі көлемде қаражат шешіліп кетуі мүмкін.

Айгүл апайдың жүрегі су ете қалды. «Несие» деген сөзді естігенде-ақ төбе шашы тік тұрды. Өмірінде несие алып көрмеген адам үшін бұл – қорқынышты жаңалық. Бір сәтте санасынан «Алданып қалсам ше?», «Балаларымның ақшасы күйіп кетсе ше?» деген ойлар өтті.

– Не істеуім керек? – деді ол дауысы дірілдеп.

– Уайымдамаңыз, біз көмектесеміз. Бірақ қазір сіздің шотыңызға жасалып жатқан шабуылды тоқтату үшін шұғыл әрекет қажет. Біз сізге арнайы қауіпсіз есепшот ашамыз, соған қаражаттарыңыз уақытша аударамыз. Бұл – стандартты процедура, – деді әлгі адам сенімді үнмен.

Сөз саптауы да, дауыс ырғағы да көдімгі банк қызметкеріндей болған соң, Айгүл апайдың күдігі сөйле бастады. Тіпті іштей «Жақсы болды, дер кезінде қонырау шалды» деп те ойлады. Телефонға бірінен соң бірі СМС-хабарлама келе бастады. «Мына кодты айтып жіберіңіз», «Тағы бір растау қажет», «Бәрі дұрыс жүріп жатыр» деген сөздер тоқтаусыз ағылды. Айгүл апай өз деректерін айтқан сайын, арғы жақтағы дауыс оны сабырға шақырып, «Бәрі бақылауда» деп сендіріп отырды. Бар болғаны он минутқа жетпейтін уақыт ішінде әлгі адам:

– Құттықтаймын, сіздің қаражатыңыз қауіпсіз есепшотқа көшірілді. Бір сағат ішінде бәрі қалпына келеді, – деді де, байланысты үзді.

Айгүл апай терең тыныстап, жақсы болды деп ойлады. Бірақ жүрегінің түкпірінде әлдебір мазасыздық тұрды. Бір сағат өтті. Екі сағат өтті. Телефон үнсіз. Ақыры банк қосымшасын ашты. Экрандағы сансыз цифрдан тек нөлдер ғана қалған. Шоты бос еді. Сол сәтте ғана ол алданып қалғанын түсінді.

Алаяқтықтың ең қауіпті тұсы – адамның әлсіз жерін тап басуында. Айгүл апайға қонырау шалған адам оның байлығына емес, қорқынышына шабуыл жасады. Қаржыдан бұрын, адамның сенім жүйесін бұзды. Бұл – бүгінгі қоғамда кең тараған қылмыстың бір түрі. Ондағы алаяқтардың мақсаты – адамдардың ақшасын жымқыру. Мамандар мұны «әлеуметтік инженерия» деп атайды. Яғни алаяқтар адамның психологиясын зерттеп, эмоциясын басқарады. Қорқытады, асықтырады, таңдау қалдырмайды. «Қазір шешім қабылдасасаңыз, бәрінен айырыласыз» деген ойды сіңіреді.

Айгүл апай да үрей мен қорқыныш сезімінің құрбаны болды. «Несие рәсімделіп жатыр» деген сөз оны

ойланбастан алаяқтың тұзағына түсірді. Бұл жерде логикадан бұрын эмоцияға басымдық беріліп тұр. Айгүл апай банк қызметкерінің телефон арқылы код сұрамайтыны туралы бұрын-соңды естісе де, асығыс шешім мен қорқыныш сол білетін ақпаратын сана сүзгісінен өткізуге мұрша бермеді.

Қазіргі телефон алаяқтарының ортақ белгілері – өзін ресми тұлға ретінде таныстыру. Яғни олар банк, полиция, прокуратура, тіпті сот қызметкерінің кейпін киеді. Сондай-ақ «Қазір әрекет етпесеңіз, ақшаңыздан айырылып қаласыз» дегендей, шұғыл түрде құпия мәлімет СМС-код, карта нөмірі, CVV, жеке деректерді сұрап, байланысты үзбеу де олардың басты әрекеті. Айгүл апайдың жағдайында осының бәрі болды. Ол алаяқпен сөйлесіп отырғанына емес, өзін құтқарушы банк қызметкерімен тілдескеніне сенімді болды. Ал, шын мәнінде, ол өз қолымен шотындағы ақшаның кілтін бөтен біреуге беріп жатқан еді.

Айгүл апайдың басынан өткен жағдай – бір ғана мысал. Бірақ мұндай мысалдар бүгінде мыңдап саналады. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, соңғы жылдары телефон және интернет арқылы жасалатын алаяқтық қылмыс саны күрт артқан. Әсіресе зейнеткерлер, студенттер, ауыл тұрғындары, цифрлық сауаты төмен адамдар жиі құрбан болады. Біреу соңғы зейнетақысын жоғалтады. Біреу несиеге батып қалады. Біреу үйін сатпақ болып, делдалға алданады. Біреу баласының еміне жинаған ақшасынан айырылады. Осының бәрі жай әшейін қаржылық шығын емес, бұл – рухани соққы. Адам алданып қалғаны үшін өзін кінәлайды. Ұялады. Көп жағдайда полицияға баруға да батылы жетпейді. Айгүл апай да алғашқы күні алданып қалғаны туралы ешкімге айтпаған. Балаларына да хабарламаған. «Өзімнің ақымақтығым» деп ойлаған. Бірақ бұл – алаяқтардың ең қауіпті жеңісі еді. Олар тек ақшаны емес, адамның өзін-өзі бағалау сезімін де ұрлады.

Айгүл апай ертеңіне банкке барды. Банк қызметкерлері шоттағы қаражаттың үшінші тұлғаларға аударылғанын растады. Кейін полицияға арыз жазды. Тергеу басталды. Бірақ ондағылар ақшаны қайтару ықтималдығы өте төмен екенін бірден айтты. Өйткені операциялар клиенттің өзі арқылы расталған. Яғни банк жүйесінде «құпия кодты өзі енгізген» деген белгі тұр. Заң бойынша банк мұндай жағдайда жауапкершілік алмайды. Ал алаяқтар көбіне шетелдік серверлер арқылы жұмыс істейді, ақшаны бірден бірнеше шотқа таратып жібереді де, ізін жасырады. Мұндай істердің ашылу деңгейі төмен. Кейде қылмыскерлер ұсталады, ұсталған күннің өзінде қаражат толық қайтарылмайды. Ал жәбірленуші үшін бұл – екі есе соққы. Біріншіден, ақшадан айырылса, екіншіден, әділдік деген сенімі күйрейді. Адам неге бейтаныс жанға сенеді? Басқа адамның сөзі не себепті туған-туыстың ескертуінен күштегірек әсер етеді? Психологтар мұны бедел

феноменімен түсіндіреді. Егер адам өзін банк, полиция, мемлекеттік орган қызметкері ретінде таныстырса, адам бейсаналы түрде оған бағынуға бейім болады. Себебі қоғамда бізге «ресми тұлғаға сену керек» деген түсінік терең сіңірілген. Ұрей мен асығыстық та адамның ойлау қабілетін әлсіретіп, бағынышты етеді. Алаяқтарға да керегі дәл осы. Жарға жығылу жағдайында жалғыздық факторы да жетекшілік етеді. Айгүл апай да жалғыз тұрады. Сол сәтте ақылдасар адамы болмады. Телефонның ар жағындағы адам оған «жақын» болып көрінді. Өйткені ол көмектесіп жатырмын деген әсер қалдырды.

Алаяқтықтан қалай қорғануға болады? Мамандардың кеңесі бойынша банк, полиция, мемлекеттік орган ешқашан телефон арқылы СМС-код сұрамайды. Мұндай жағдайда бірден қонырауды тоқтатқан жөн. «Шұғыл әрекет етпесеңіз, ақшаңыздан айырылып қаласыз» деген сөз – алаяқтардың классикалық әдісі. Мұндайда асықпау қажет, телефонды қойып, ресми нөмірге қайта қонырау шалып мән-жайды білген дұрыс. Сондай-ақ бейтаныс адамға жеке деректерді, яғни карта нөмірі, CVV, СМС-кодты бермеу керек. Болып жатқан жағдайды жақындармен бөлісу де жалған ақпараттан сақтайды. Ешқашан «қауіпсіз есепшот» деген ұғымға сенбеу қажет. Банктерде ондай термин мүлдем жоқ.

Алаяқтықпен күресте тек полиция мен соттың күші жеткіліксіз. Бұл – ең алдымен санамен күрес. Ақпараттық сауат, цифрлық мәдениет, психологиялық тұрақтылық – бүгінгі қоғам үшін жаңа қауіпсіздік қалқанына айналуы тиіс. Қазіргі заманда қылмыс көшеде емес, жан қалтаңында жүрген телефон немесе мессенджерлер арқылы жасалады. Ал оған қарсы қару – білім мен сактық. Айгүл апайдың оқиғасынан осындай ой қорытуға болады. Бірақ адамға деген сенім – кемшілік емес. Ол – адамдық қасиет. Алаяқтар дәл осы қасиетті қаруға айналдырады. Сондықтан мәселе «Неге адамдар алданады?» дегенде емес, «Неге алаяқтар адамдардың сенімін пайдаланады?» деген сұраққа жатыр.

Айгүл апай біраз уақытқа дейін өзіне келе алмады. Түнде ұйқысы қашты. Күндіз ойы сансаққа жүгірді. «Егер сол кезде телефонды қоя салсам...», «Егер біреуге хабарлассам...», «Егер кодты айтпасам...» деген ойлар маза бермеді. Бірақ уақыт өте келе ол өзіне сұрақ қойды: «Мен үндемей жүре берсем, тағы біреу дәл осылай алданбай ма?» Осы ой оның полицияға ғана емес, жергілікті газетке де хабарласуына түрткі болды. «Менің атымды атамасаныңдар да болады, бірақ адамдар білсін. Бұл қақпанға түспесін», – деді. Оның бұл қадамы жеке трагедиядан қоғамдық сабақ жасауға бағытталған еді. Айгүл апай бүгінде көршілеріне, таныстарына, туыстарына өз оқиғасын айтып жүреді. Себебі ол енді өзінің қателігі басқа біреудің қайғысына айналмауын қалайды. Айгүл апайдың оқиғасынан барлығымыз сабақ алып, онлайн қаржы жымқырушылар көбейген бүгінгі заманда алаяқтардан абай болып жүрген артық етпейді.



Иммундау – жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді жолы. Балалар мен ересектерді қауіпті аурулардан қорғауға сенімді тигізеді. Адам ағзасында белгілі бір ауруға қарсы иммунитет қалыптастырып, қауіпті дерттердің алдын алады.



ҚАНТ ДИАБЕТИ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ



Кейінгі кезде қант диабетімен науқастанғандар саны көбейіп бара жатқаны жасырын емес. Оның өсу қарқыны дүниежүзі бойынша 8-10 пайыз болса, Қазақстанда 7 пайызды құрап отыр. Былтыр елімізде 540 мыңға жуық адам диспансерлік есепте тұрған. 2030 жылға қарай оның саны 900 мыңға жуықтап қалуы мүмкін деген болжам бар. Бұл жайт дәрігерлердің алаңдаушылығын туғызып отыр. Осы орайда жас талғамай, ұлт денсаулығына қауіп төндіріп отырған сырқат жайында Қонаев қалалық көпсалалы ауруханасының эндокринолог-дәрігері Жандос Райымбекпен сұхбаттасқан едік.

– Кейінгі кезде мұндай сырқатқа шалдыққан жастар қатарының арту себебі неде?

– Бұрын бұл дерт көбіне егде жастағы адамдарда кездесетін. Соңғы жылдары жас талғамайтын болды. Әсіресе 2-типті жастар арасында жиі анықталып жүр. Бұл – бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі. Ең басты себеп – өмір салтының өзгеруі. Тамақтану режимінің сақталмауы, фастфуд пен тәтті тағамдарды шамадан тыс тұтыну, қантты, газдалған сусындарды жиі ішу, қимыл-қозғалыстың аздығы, артық салмақ, созылмалы күйзеліс, ұйқының дұрыс болмауы зат алмасудың бұзылуына алып келеді. Сонымен қатар тұқымқуалаушылық факторын да ескермеуге болмайды.

– Диабетпен науқастанушылардың көбеюіне олардың қантты, газдалған сусындарды пайдалануы да себеп болып жатқанын айтып өттіңіз. Газдалған, тәтті сусындардың зияны қаншалықты?

– Бір бөтелке газды сусын құрамында адам тұтынуға тиіс тәуліктік мөлшерден бірнеше есе артық қант бар. Бұл қандағы қант деңгейінің күрт жоғарылауына, ұйқы безіне шамадан тыс салмақ түсуіне, уақыт өте келе, инсулинге тәуімділіктің дамуына себеп болады. Тәтті газдалған сусындарды жиі тұтыну қант диабетінің даму қаупін арттырады.

– Осы күні дүкен сөрелерінде «Қантсыз» деген белгісі бар түрлі тағам мен сусындарды жиі кездестіреміз. Оларды қант диабетіне шалдыққан науқастардың тұтынуына беруіне бола ма?

– Ондай өнімдерді толықтай қауіпсіз деп айтуға болмайды. Олардың құрамында қант алмастырғыштар бар. Кейбір қоспалар тәбетті арттырып, зат алмасуға жанама әсер етуі мүмкін. Сондықтан мұндай өнімдерді де шектеулі мөлшерде тұтынған жөн.

– Қант диабетінің алдын алу үшін қандай шаралар қолданған жөн?

– Алдын алудың ең тиімді жолы – салауатты өмір салты. Дұрыс әрі уақытылы тамақтану, қант пен ақ ұннан жасалған өнімдерді шектеу, газдалған сусындардан бас тарту, тұрақты физикалық белсенділік, тәулігіне кемінде 7-8 сағат ұйықтау, күйзелісті басқару – негізгі қағидалар. Дұрыс тамақтану мен ұйқы режимін қалыптастыру өте маңызды. Қант диабеті бір күнде пайда болмайды, ол жылдар бойы қалыптасады. Сондықтан бүгінгі дұрыс әдет – ертеңгі сапалы өмірдің кепілі.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан – Айна МҰҚАНОВА
Қонаев қаласы

– Жандос Токтарұлы, қант диабетінің қандай түрлері бар?

– Қазіргі кезде қант диабетінің 50-ден астам түрі бар. Соның бірнеше негізгі түріне тоқтала кетейін. Оның бірі – 1-типті қант диабеті. Бұл сырқат көбінесе балалық немесе жасөспірім шақта дамиды. Ұйқы безінің инсулин өндіретін жасушаларының бұзылуы салдарынан пайда болады. Ағза инсулин өндіруді тоқтататындықтан науқасқа өмір бойы инсулин терапиясы қажет болады. Ең кең таралған түрі – 2-типті қант диабеті. Бұл сырқат ұзақ уақыт бойы белгі бермеуі мүмкін, көп жағдайда кездейсоқ анықталады. Көбінесе ересек жаста, әсіресе артық салмақ, қозғалыс белсенділігінің төмендігі және тұқымқуалаушылық жағдайында дамиды. Бұл типте инсулин ағзада өндіріледі, бірақ тіңдер оған сезімталдығын жоғалтады. Сондай-ақ гестациялық қант диабеті бар. Ол жүктілік кезінде пайда болады және босанғаннан кейін жойылады. Болашақта 2-типті қант диабетінің даму қаупін арттыратындықтан, міндетті түрде бақылауды талап етеді.

– Катерлі дерттің алғашқы белгілері туралы айтсаңыз.

– Алғашқы белгілері ретінде жиі шөлдеу, ауыздың құрғауы, көп зәр шығару, тез шаршау, себепсіз салмақтың қосылуы немесе азаюы, терінің құрғауын айтуға болады. Бойынан мұндай белгілерді байқаған адам міндетті түрде дәрігерге қаралуы тиіс.

– Сырқаттанған жандар асқынудың алдын алу үшін не істеуі керек?

– Ол үшін қандағы глюкоза деңгейін үнемі бақылауы, ұсынылған тамақтану тәртібін сақтауы, дәрігер тағайындаған дәрілік препараттарды немесе инсулинді белгіленген схема бойынша қабылдауы керек. Артериялық қысымды және холестерин деңгейін бақылауы, эндокринолог дәрігерге және басқа да мамандарға тұрақты түрде қаралуы қажет. Уақытылы ем қабылдау және дәрігердің ұсынымдарын орындау ауруды бақылауда ұстауға және қан тамырларының, жүректің, бүйректің, көздің және жүйке жүйесінің зақымдануы сияқты асқынудардың даму қаупін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

ЕКПЕ АЛУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

XVIII ғасырда және XIX ғасырдың бірінші жартысында әлемнің барлық дерлік елінде, әсіресе Еуропа және Солтүстік Америкада балалар арасында өлімнің өсуіне әкелген дифтерия эпидемиясынан қайтыс болғандар көрсеткіші сырқаттар арасында 50 пайызды құрады. 1974 жылдан бастап дифтерия, сіреспе және көкжөтелге қарсы біріктірілген анатоксин қолданылды. Содан кейін бұл дертпен сырқаттанушылар саны азая бастады. Вакцинаны қолдана бастаған уақыттан қазірге дейін әлемде дифтерия жағдайлары 90 пайыздан астам төмендеді. Сол секілді өткен ғасырда 300 миллионнан астам өлімнің себебі болған шешек жұқпалы ауруының жойылуы – денсаулық сақтау саласындағы ең үлкен тарихи жетістік. 1967 жылы ДДҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) тарапынан ұсынылған жаппай егуден кейін ғана әлемде бұл дертті толық жоюға мүмкіндік болды. Қазақстан 2002 жылдан бастап мұндай ауру жоқ ел ретінде сертификатталған. Дегенмен әлемде полиовирус айналымы жалғасып жатқан елдер бар. Сондықтан вакцинация әлі де жүргізілуде.

Айта кету керек, вакцина ойлап табылғанға дейін қызылшадан жылына орташа есеппен 2 миллионнан астам адам қайтыс болатын. ДДҰ мәліметіне сүйенсек, 2000 жылдан 2017 жылға дейін әлемде қызылшадан болатын өлім деңгейі 80 пайызға төмендеді. Қызылшаға қарсы вакцина, әсіресе, нәресте өлімінің төмендеуіне әсер етті. 2005 жылы ДДҰ қызылшаның және туа біткен қызамық инфекциясының алдын алу мақсатында қызылша вирустарының айналымын тоқтатуы белгіледі. Бірақ оны толығымен жеңу мүмкін болмады. Себебі ұжымдық иммунитеттің қалыптасуы үшін халықтың 95 пайызы вакцинациялануы қажет.

Кейінгі кезде екпе алуға күмәнмен қарайтындардың қарасы молайып келе жатқаны жасырын емес. Ата-аналардың екпеден бас тартуына наным-сенім және әлеуметтік желілердегі кеңінен таралған шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттар себеп болуда. Осыған байланысты біздің тарапымыздан ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіледі. Діни көзқарасына байланысты екпеден бас тартқандар үшін дін істері басқармасынан теологтар шақырытып, солардың көмегіне жүгінеміз. Баласы ауырып қалғаннан кейін вакцинациялаудың қажеттігіне көзі жетіп, екпе салдыруға келісім беріп жатқан ата-аналар да жоқ емес.

Екпе алмау балалар арасында індеттің кең таралуына басты себеп болып отыр. Мәселен, қызылшаман ауырған 14 жасқа дейінгі балалардың 86 пайызын екпе алмағаны анықталған. Балалар 6 жасында қызылшаға қарсы вакцинациялануы керек. Алайда ата-анасының рұқсаты болмаса, оларға екпе салынбайды.

Бүгінгі күні денсаулық сақтау саласында жұқпалы аурулардың алдын алу үшін адамның еңбек өнімділігін арттырып, көңіл-күйін жақсартатынын алға тартады. Сондықтан облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті әрбір тұрғынды өзінің және баласының денсаулығын сақтауға және нығайтуға бейжай қарамай, иммундаудың тиімділігін қаперде ұстауға шақырады.

Марат ИСМАЙЫЛОВ,
облыстық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау департаментінің басшысы

Қандай жағдайда дәрігерді үйге шақыруға болады?

Медицина қызметкерін емханаға баруға мүмкіндік болмаған кезде үйге шақыруға болады.

Медбике немесе фельдшер дене қызуы 38°C-қа дейін көтерілген, қан қысымы жоғарылап, бірақ жалпы жағдайы қалыпты болып, есінен танабаған немесе қан кетпеген, жағдайы күрт нашарламаған жарақаттар мен аурулар кезінде науқастың үйіне барады.

Егер тіркеу бөлімі немесе медбике науқастың жағдайын дәрігердің тексеруі қажет деп бағаласа және вакцинадан кейін жағдайы нашарлаған сәтте учаскелік дәрігер үйге келеді.

Бес жасқа дейінгі балалар, жүкті және босанған әйелдер, 65 жастан асып, өздігінен емханаға келе алмайтын адамдар жағдайы нашарлаған кезде дәрігерді үйге шақыртуына болады.



Әмина ҚҰДАЙБЕРГЕН



Таңғы асты тастама!

«Ас – адамның арқауы», «Жастан үлкен болсаң да, астан үлкен емессің» деп ас-ауқатты ерекше қадірлеп, қастерлейтін халқымызда «Таңғы асты тастама» деген тәмсіл бар. Сондай-ақ «Таңғы асты өзің іш, түскі асты досыңмен бөліс, кешкі асты жауыңа бер» деген де жиі айтылады. Астарына үңілсек, таңғы ас ішудің маңызын атап көрсетіп, ішпедудің дұрыс еместігін қаперге салып тұрғаны даусыз.

Мамандардың сөзіне жүгінсек, таңертен ұйқысынан ояңған адамның таңғы асты ішпестен жұмысқа немесе сабаққа кетіп қалуы оның ағзасына кері әсерін тигізеді. Өйткені ол мезгілде адамның асқазаны, бүкіл ас қорыту жүйесі жұмысқа дайын болып, ас қорыту сұйықтығы бөлінетін көрінеді. Егер тамақ ішпесе, сілекей, ұйқы безі сұйықтықтары асқазанның түктерін жеп қояды. Салдарынан асқазанда жара пайда болып, ас қорыту жүйесі зақымдануы мүмкін.

Диетологтардың пікірінше, таңғы ас ағзаны қуатпен қамтамасыз етіп, есте сақтау мен зейінді күшейтіп, қандағы қант деңгейін тұрақтандырып, ас қорыту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне көмектеседі.

Мамандар міндетті түрде күнделікті таңғы ас ішуге кеңес береді. Олар таңғы ас ішу адамның еңбек өнімділігін арттырып, көңіл-күйін жақсартатынын алға тартады. Сонымен бірге 2-типті қант диабеті және жүрек-қан тамыр ауруларының пайда болу мүмкіндігін азайтатынын тілге тиек етеді.

Ата-әжелеріміз де, диетолог мамандар да таңғы астың маңызын айтады. Қазіргі кезде емі табылмай, дабыл қақтырып отырған қант диабетінің пайда болуының бір себебі таңғы астан бас тарту екенін эндокринолог-дәрігерлер алға тартады. Олардың айтуынша, дұрыс тамақтанбау аурудың белең алып, асқынуына себеп болады екен.

Дұрыс таңғы ас ішкен кез келген адамның ағзасында вирусқа қарсы күресетін гамма-интерферон заты белсенді бөлінетіні анықталған. Бұл таңғы астың адам ағзасының инфекциялық ауруларға қарсы тұруына септесетінін байқатады. Сондықтан түрлі сырқатқа шалдығудың алдын алу үшін таңғы асты үнемі ішіп жүру керек.

Таңжарық БАҚТЫБАЙҰЛЫ



● ЖЫР АЛЫБЫНА – 180 ЖЫЛ!

Өткен 2025 жыл еліміздің өмірінде, қазақ қоғамында Абай жылы ретінде тарихқа енді. Қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы, хакім Абайдың 180 жылдық торқалы тойын мемлекеттік деңгейде, ұлттық ауқымға атап өттік. Быыл – Жыр алыбы Жамбыл жыраудың да 180 жылдық мерейтойы. Атақ-ғаңқы әлдеқашан әлем жүзін аралап кеткен, қолымызға қалған мәңгілік рухани мұрасы алыстан көз тартатын айыр көмей, абыз ақынның, жыр жампозы, жырау Жамбылдың мерейжасын алты алаштың баласы түгел бас қосып, атап өтетініне күмәнім жоқ.



Қазақ ұлты, қазақ елі дарындарға, таланттарға кеңде болған емес. Әсіресе, әдебиет және өнер саласында. Осы бағытта қазақ руханиятының бай да байтақ тарихын мақтанышпен айта аламыз. Ұлт руханиятының ұлы ұстындарының бірі – сан ғасырлық тарихы бар қасиетті қазақ әдебиеті. Ал қазақ әдебиетінің алтын дінгектері – Абай, Жамбыл, Махамбет. Бірнеше мыңжылдықтан тамыр тартатын ұлттық поэзиямызды, яғни түркілік поэзияны халық ауыз әдебиетін, фольклорды, ұлан ғайыр жыраулық мұрамызды аттап өтіп, әңгіме өрбіту мүмкін емес.

Мұхиттай терең халық ауыз әдебиетін, әлемдік деңгейге кетіп қалған ұшы-қиыры жоқ бай фольклорымызды айтпағанның өзінде, бес ғасырға жуық дәуірлеген жыраулық поэзиямызға ғана тоқталсақ, туған әдебиетіміздің терең тарихы көз алдымызға келеді. Жыраулық поэзияның біздегі көтерілген деңгейін бірде-бір бүгінгі түркі халықтарының әдебиетінен таппайсыз. Бұл – бұлтартпас шындық. Жыраулық поэзияның классикалық үлгісін тек қана қазақ жыраулары мен жыршылары дүниеге келтірді.

XV және XX ғасырлардың арасында шарықтап көтерілген, қазақы дүниетаным мен қазақы поэтикалық көркемдік қабылдаудың ең бір ғажабын туындыларын туғызған қазақ жыраулары өткен ғасырдың ортасында өздерінің тарихи миссиясын аяқтады. Жыраулық поэзия, әсіресе, өз алдымызға бөлек мемлекет болып өркендеген хандық дәуірімізде айрықша жарқырап көрінді. Сыпыра жыраудан бастап Асан Қайғы, Ақтамберді, Бұқар, кешегі Махамбет жырау, Жамбылға дейінгі алыптарымызды санамалап шыққанның өзінде, әдебиетіміздегі осынау феномендік көркемдік құбылыс болған поэтикалық үдерісті ой елегінен өткізуге болады. Біз соның бір белесіне ғана, яғни жыр алыбы Жамбылдың шығармашылығына ғана сабақтастырып әңгіме өрбітуді мақсат еттік.

Осы орайда Жамбылдың алдында жыраулық өнердің бағажетпес үлкен мектебі жатқанын да ұмытпауымыз қажет. Соның бірі Жетісу ақындық мектебінің алтын дінгегі болған (Мұхтар Әуезовтің бағасы) Сүйінбай ақынның да әсер-ықпалын аттап кете алмаймыз. Сүйінбай Аронұлының тұтас қазақ ауыз және жазба әдебиетіндегі, қазақ поэзиясындағы тарихи орнын бағалағанда, оның қазақтың сан ғасырлық жыраулық дәстүріндегі өлшеусіз еңбегін ұмытпауымыз керек. Сүйінбай, әрине, қазақ әдебиетінің өлең, жыр және айтыс жанрында үлкен мектебін қалыптастырды. Бұл мектептен тәлім, тағылым алған, үйренген, шығармашылығына дарытқан қаншама айтулы қазақ ақындары өз туындыларында жана табыстарға қол жеткізді. Сүйінбай ақын Оңтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстан елін түгел аралап, күллі қазақ жұртын өз өнерімен сусындатты. Өзіне дейінгі ақындардан өз атасы Күсеттің жырларын, Жанкісі жыраудың дәстүрін тереңдетте менерді. Аға буын ақындардан Қабан жырау (Қабылса), Жанақ, Түбек, Шөжелермен қатар ғұмыр кешті, талай өнер сайыстарына қатысты.

Өзімен тұтас Майлықожа, Майкөт, Қантарбай, Тезекбай, Бандтыбай, Қатаған сияқты өнер майталмандарымен жолығып, біразымен айтыс өнерінде сайысқа түскен. Осынау әдеби орта Сүйінбай шығармашылығына, әсіресе оның жыраулық дәстүрдегі туындыларына ерекше әсер еткен. Айталық, Сүйінбай – халық батырларын биік көркемдік деңгейге көтеріп, олардың дара образдарын сомдап, бейнелеп, елге үлгі етіп, қаһармандық жырлар толғаған эпик ақын. Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Тотан, Ботпай, Бөлірлік, Жабай, Мүйізді Өтеген батырлар туралы жырлар шығарған. Жыраулық дәстүрдің басты белгілерінің бірі – авторлары, яғни жыраулар өз туындыларын таңды таңға ұластырып, күнді күнге жалғап жырлайтын болған. Ел сүйгідей тынып, жыраудың өнерін салықпай, түйсіне тындауды өздеріне абырой санаған.

Хандық дәуірде, әсіресе, өнердің осы түрі елге кең жайылды. Атақты жырауларымыздың әйгілі эпостық жырларды – «Көрұғылы», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Қосай», «Қырымның қырық батыр», тағы да басқа күллі түркі жұртына ортақ көркемдігі аса құнды айтулы эпостық туындыларды түгелдей жырлап бере алған. Сүйінбай заманында да әйгілі жыраулық дәстүрдің туын биік ұстаған, болашақ ұрпаққа аманат етіп табыстаған бір шоғыр ақындарымыз да осынау жыраулық дәстүрімізге адал болған. Сондықтан да қазақ поэзиясында, жалпы қазақ әдебиетінде Сүйінбай ақын қалдырған жыраулық дәстүр оның шәкірттерінің шығармашылығында да жанаша түрленіп,

жаңа поэтикалық арнада жалғасын тапты. Соның бірі – Жамбыл шығармашылығы.

Мен мақаламды ұстазым, жамбылтануға теңдессіз үлес қосқан, олжа салған санлақ ғалым, профессор Мырзатай Жолдасбековтің бірауыз сөзімен бастағым келіп отыр. Тура осыдан отыз бес жыл бұрын Мырзатай ағамыз Жамбыл шығармашылығынан докторлық еңбегін қорғалды. Бішкек қаласында. Алматыдан арнайы академиктер – Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Заки Ахметов, Тұрсынбек Кәкішев ағаларымыз барып сөз сөйледі, баталарын берді. Жамбыл туралы тұңғыш қорғалып жатқан докторлық жұмыс болғандықтан. Сонда ұстаздарының шапанын көтеріп, бірге ілесіп орта буыннан ғылым докторлары – Рымғали Нұрғалиев, Сейіт Қасқабасовтар да жүрді. Оларға ілесіп бір топ шәкірті, жас ғалымдар – Жаңғара, Зейнол, мен және Қамбар Керейқұлов бірге бардық. Қырғыздың төрінде, Бішкектің аспанында Жамбыл бабамыздың есімі, атақ, абыройы, жырлары асқақтап, қол жетпес шырқау биікке көтерілді.

Қырғыз Ұлттық ғылым академиясында қырғыз-қазақ ғалымдары бас қосқан сол алқалы жиында мінберге көтерілген Мырзекең өз баяндамасын былай деп қорытындылады: «Жамбыл – халық мүддесін ғасырлар бойы армандаған қажымас қамқордың дәстүріндегі жыршы, елдің мұңын мұңдаған мүддегер, жыраулықтың көшпелі академиясы, ойшыл, данышпан ақын, туған халқының арнамысы, үні, жүрегі және ақиқат шындығы. Ол – эпик әрі айтыс ақыны, абыз жырау, жауынгер жыршы, шын мағынасындағы заңғар поэзияны жасаушылардың ең ұлысы. Жамбылдың құдыреті оның осындай асқан шеберлігімен жана емес, халық поэзиясының бұтақ жағынан алып байтерегі болуымен де, халық ақындарының жана көшін бастаған даралығымен де әлемді таң қалдырған болатын. Байтақ қазақ даласын жырта қонелткен, осы бір теңдесі жоқ өнерді биікке көтерген, ілгері дамытқан даңғыл жыраулардың ең соңғы үздігі – Жамбыл!» – деді.

Әрқашан тереңін қазып, тамырын аршып, шешен сөйлейтін, төгілте баяндайтын, тосыннан қиыстары білетін Мырзекең Жамбыл феноменінің алтын өзегін дәл ұстап, дәннің қолға ұстатқандай айтты. Сүйсінбеске амалың жоқ. Жамбылдың жыраулық дарынын, жыраулық поэзияға қосқан баға жетпес олжасын ақының өнерпаздық қырының ең басты қасиеті ретінде неге айшықтап айтамыз? Оның сыры тереңде!

Жамбылтану ғылымы – ешқашан тоқтамайтын, суалып бітпейтін, таусылмайтын мәңгілік тақырып. Оның мұхиттай терең түбіндегі інжу-маржанын әр ұрпақ, әрбір замана көшіне келетін келесі буын өз биігінен зерттейді, зерделейді. Өзіне керегін алады, үрім-бұтағына аманаттайды. XXI ғасырдың ұрпағы біздер де өз сөзімізді айтамыз, саралаймыз, жүрек көзінен өткіземіз.

Бәрімізге белгілі, ғасырдан-ғасырға жалғасып, атадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ сөз өнерінің айшықты бір саласы – телегей-теңіз жыраулық поэзия. Сақ, Ғұн дәуіріндегі, ар жағына бармай-ақ, берідегі Түркі империясы тұсындағы Йолы-тегітін, Тоныкөк, Қазақ хандығы салтанат құрған жүз жылдықтардағы жырауларымыз: Сыпыра, Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Доспамбет, Жиёмбет, Бұқар, Махамбет, Шөже, Майкөт, Марабай, тағы басқаларын атауға болады. Жыраулар көшінен ары қарай да жалғастырып, тамырын түркілік мыңжылдықтарға тереңдетуге негіз бар.

Қазақ жыраулары – тарихты түптеп таратып айтатын шежірешілер, миллиондаған жыр жолын жадында сақтай алатын құдіреттер, Ұлы даланың ұлы тарихын таңдан таңға ұрып, сағаттап жырлап, тыңдарманын үйіріп, селт еткізбей уысында ұстап отыра алатын сөз сикырынын иелері. Жамбыл да күллі мұсылман жұртына кең тараған, әлемдік рухани мұранын үздік

елдік мүдде, ұлттық сана, ұлттық құндылық биігінен көз салады, толғанады, алдымен халық тағдырын жырына арқау етеді. Ақынның суреткерлік таным көкжиегі кейде одан да биік деңгейге, жалпы адамзаттық құндылықтар деңгейіне дейін көтеріледі. Бейбіт өмірді мұрат ететін, күллі адамзаттық аңсарды, гуманизмді жырлайтын әйгілі «Ленинградтық өренім» жыр-толғауының әлем тілдеріне аударылуы – соның бір ғана мысалы.

Әлемдік деңгейдегі шынайы гуманист тұлғалар қазақ жыраулары болған. Солардың бірі әрі бірегейі – ұлы жырау Жамбыл. Даналықтан тұратын, данагөй жырдың тұңғығын ғана ағыл-тегіл төгетін табиғи таланттың несі Жамбылдың барлық жанрдағы туындыларын алып қарасаныз, ақынның әр алуан тақырыптарды толғағанын аңғарамыз. Өсиет, ұлағат, тәлім-тәрбие, тағылым тақырыбын былай қойғанда, бір ғана ерлік, батырлық, халықтық тақырыпты көтеретін Жамбылдың қос дастаны «Сұраншы батыр» мен «Өтеген батыр» эпостық жырлары – жыраулық поэзияның ең үздік үлгілері. Екі дастан да тұнып тұрған тарих. Ел тарихы, ұлт тарихы.

Автор эпостық таным, эпостық поэтика биігінен ой толғап, өз туындыларында

поэтикалық, метафоралық сөз тіркестеріне жүгіне отырып, мағынасы терең ой өрбітеді. Адам тағдырын табиғат құбылыстарына теңейді.


Замандасы Майлықожа Сұлтанқожа-ұлы да алдыңғы аға буын жыраулардың салып кеткен дәстүр арнасын жалғастырып:

*Жиырма жасқа келгенде
булақтайсың,
Жиырма бес – жанып тұрған
шырақтайсың.*

*Отыз жас – ер жігіттің дер кемелі,
Мысалы, көлсе біткен құрақтайсың.
Отыздан отыз беске келгенде,
Мысалы, байлаудағы тырақтайсың,
Қырықтан қырық бес келгенде,
Байлауда мінілмеген құр аттайсың,*
деп адам жасының әрбір кезеңіне тоқталып өтеді.

Осыдан кейін Жамбылдың жыраулық поэтикалық дәстүрді жалғастырушы тұлғасы, жанаша, жаңғырта, түрлендіре тереңдеткен, өркендеткен ақындық қасиетін де еріксіз мойындайсыз. Сыпыра жырау, Қазтуған, Ақтамберді, Доспамбет, Бұқар, Махамбет жыраулардың қолтаңбасы Жамбыл жырларында қайта тіріледі, қайта көктейді, жаңа заман, жиырмасыншы ғасыр көгінен қайта үн қатқандай көрінеді. Сондықтан да

ЖЫРАУЛЫҚ ЖАМБЫЛ ФЕНОМЕНІ



Коллажды жасаған – Қалдыбек ОРАЗОВ

үлгілері болып табылатын Шығыстың қисса, дастандарын, лиро-эпостық жырларын, әйгілі туындылар «Көрұғылы», «Манас батыр», «1001 түн», «Шахнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Орақ-Мамай», «Сейіт-Баттал», «Тотықамал», «Қыз Жібек», «Едіге», «Шора Батыр», «Қабанбай», «Бөгенбай», «Ерназар мен Бекет» және өзінің төл дастандары «Сұраншы батыр», «Өтеген батырды» да ұзақ-ұзақ жатқа айтатын болған. Жыраулардың барлығына табан астында суырып салып айта жөнелетін төкпелік, тапқырлық, көріпкелдік, данагөйлік, яғни импровизаторлық өнер тән. Керек болса, Жамбыл әрбір дастанын жырлағанда шабыт орайына қарай тыңдарман ортасына байланысты дастандарының бірнеше нұсқасын айтатын болған.

Осы орайда ақындық өнер тарихын терең зерттеген біртуар ғалым, академик Есмағамбет Ысмайыловтың төмендегі пікірінде жыраулық поэзияға кең ауқымды баға берілген. Профессор: «Жыраулар да ақын, көркем сөз шығарушы, өнерпаз, ауыз әдебиетінің өкілдері. Жыраудың ақыннан өзгешелігі – шығармаларының сарыны мен тақырыбы бірыңғай болып келуінде. Адам баласындағы қайғыны, зарды, ел ішіндегі ауырталдықты толғау, әлеуметтік, елдік мәселелерді көтеру, болашақты болжап, ақыл айтып, батагөйлік ету, шешендік түйіндер жасап, терең ой қозғау – жыраулардың дәстүрлі ерекшеліктері», – деп атап көрсетеді. Сондықтан да бүкіл ел жыраулардың айтқанына құлақ түріп, әрбір сөзіне тоқтайтын болған. Ханнан бастап қарашаға дейін. Рухани байлықтың, ақындық өнердің ең биік шыңы жыраулық поэзиядан көрініс тапқан.

Ел тағдыры, ұлттық мүдде, елдің ауызбірлігі, тұтастығы, халықтың болашағы туралы айтылатын жыр-толғаулар да жыраулық поэзияның тұсында шарықтау биігіне көтерілген. Қазтуғанның, Ақтамбердінің, Доспамбеттің, Бұқар жыраудың, Махамбеттің, Сүйінбайдың толғауларында, өлең-жырларында елдік, ұлттық тақырыптан басқа тақырыптарды таппайсыз. Ұлттық сарын, ұлттық рух, ұлттық мүдде, тәуелсіздік үшін күрес – жыраулық поэзияның ең басты арқауы. Алтын дінгегі.

Ал енді Жамбыл жырларын, әсіресе, толғаулары мен дастандарын алсаңыз да дәл осылай. Жамбыл ақындығының ең басты арнасы, алтын жұлгесі – ұлт тағдыры, ел тағдыры. Жамбыл өз шығармашылығына

халық тағдырын тарихи ретроспектива аясында суреттейді. Тарих көші мен ұлтының жүріп өткен жолын бас кейіпкерінің тағдыр жолымен тұтастыра, тоғыстыра бейнелегенде, бір халықтың тарихи тағдыры көз алдымыздан өтеді. Метафоралық теңеулер арқылы қазақ даласындағы барлық тарихи жерлер мен тарихи оқиғаларды қамтып, айшықтап жеткізетін дастан жолдарын тебіренбей қабылдау мүмкін емес.

«Өтеген батыр» жырын Жамбыл: *Қырғауыл ұшып, қаз қонған,
Аққу келіп, жаз болған,
Алтайға қара маралды!
Балғығы таудай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шортаны шоршып ойнаған,
Алтын қаймақ Аралды.
Қазақ бұрын құл болған,
Күн көруге мұң болған,
Күнді көрдік, ел болдық,
Асу бермес, өр болдық,
Осы бақ қонған таңымда,
Саған да ортақ, маған да!»* – деген жыр жолдарымен аяқтайды.

Ақтамберді, Қазтуған, Жиёмбет, Марқасқа, Бұқар, Майлықожа жыраулар үлгісімен, жыраулық сарында, философиялық астармен толғап, адам өмірінің әрбір белесін өлең жолдарына түсіреді.

Жалпы жыраулық поэзияда замана көшіне, яғни уақыт пен кеністік аясындағы қоғам дамуына, сол қоғамда тіршілік кешетін адам пенденің өз ортасымен, тарихи оқиғалармен қарым-қатынасына, өмір белестеріне құрылатын өлең-толғаулар, сюжетті дастандар көп кездеседі. Сондай өлең-толғаудың үлгілерін Сүйінбайдан да жиі кездестіреміз. Мысалы, бір толғауында: *Ақын боп жиырмада желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым,
Отыз асып, қырыққа келгеннен соң,
Қаптаған жердің жүзін селде болдым.*

*Қырықтан асып, елуге келгеннен соң,
Түбім терең, құрақты көлдей болдым.
Елу асып, алтысқа келгеннен соң,
Салынды суға ілінген сеңдей болдым.
Алтыс асып, жетпіске келгеннен соң,
Тап-тақыр ел жайлаған жердей болдым,* – деп өз өмірінің әрбір белесіне

Жамбылдың жыраулық поэзиясын XX ғасырдың бірінші жартысында барлық қырымен жарқырай көрінген, күллі адамзаттың өркеніте биігіне көтерілген, көркемдік, әдеби құбылыс немесе тұтас ғасырдың феномені десек, артық айтпаймыз.

Осы пікірімізді ғалым, фольклорист, академик Сейіт Қасқабасов та шегелей түседі. Өзінің «XX ғасырдың ұлы жырауы» атты Жамбылдың күллі поэзиясын талдайтын, саралайтын көлемді мақаласында: «Жүз жыл өмірінің сексен бесін өлеңмен өткізген Жәкең екі ғасырдың куәсі ғана болған жоқ. Оның жүз жылғы өмірі, шындап келгенде, екі ғасырға тең еді. Өйткені Жамбыл тарихта сирек кездесетін, мүлде қарама-қарсы екі заманды көрді. Ол Қазақ хандығының жойылғанын, елінің отарлыққа түскенін, қазақ даласына Ресейдің әкімшіл-отаршыл басқару жүйесін орнатқанын, сонымен қатар көрші жатқан Қоқан хандығы жасаған жаугершілігін көрді. Қызыл империяның шовинистік қатыгез саясаты мен Алаш арыстарының көпе-көрнеу, жазықсыз атылғанын көрді. 1920-30 жылдары үш миллион қазақтың қолдан жасалған ашықтан қырылғанын көрді. Сол себепті Жамбылдың «Кең жатқан байтақ-ұлан шежіремін, тарихтың домбырасын қолына алған» деп айтуы тегін емес. Осы көргені мен білгенінің бәрін Жәкең өз поэзиясына арқау еткен, оны бірде жырау болып, бірде жыршы ретінде, бірде ақын болып жырлаған, толғаған, суреттеген», – дейді. Ғұлама ғалымның осы тереңнен қамтып, дәл тауып айтқан ауқымды сөзі – Жамбыл феноменіне берілген әділ баға.

Төкпе ақын, айтыс өнерінің де ақтангері, толғау, терме жанрының да шебері Жамбыл жыраудың басқа да бағыттағы құнды мұрасын тереңдеп қамтып айта беруге болады. Біз осы жолы осынау асыл мұраның бір ғана қырына – ақынның жыраулық өнеріне ғана атбасын бұрдық. Телегей теңіз мұраның қалған қырларын әдебиет тарихы, әдебиеттану ғылымы әлі де ұзақ жыл зерттейтін болады.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы,
филология ғылымдарының докторы, профессоры



● КЕЛБЕТ

СӨЗ ӨНЕРІН СЕРІК ЕТКЕН



Адамның жаратылысы қызық қой. Өзі бұрын көрмеген, танымайтын адамды оның атқарған қызметі, еңбегі, ортақ таныстардың пікірлері арқылы сырттай біліп, онымен кездесуге, пікір алмасуға қызығушылығы пайда болатыны бар емес пе? Біз сөз еткелі отырған кейіпкеріміз де осындай азаматтардың бірі. Жаңылмасам, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдық мерейтойы кезінде біздің танысуымызға бір кафедрала қызмет істеген әріптесім, қазақтың ақын, ғалым қызы Ләйлә Құндақбаева себепкер болып еді. Соған бері Ерхан Кәрібозұлымен арамсыздағы әріптестік, адами қарым-қатынас үзілген емес.

Қазақ ғылымы мен рухани өмірінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, өсіп келе жатқан жастарға білім мен тәрбие беруді өзінің өмірлік мұраты еткен, бұл күнде ғылыми ортаға танымал ғалым, әдебиеттанушы, ұлағатты ұстаз Ерхан Кәрібозұлы биыл ердің жасы елуге толып отыр. Елу – елге есеп беретін жас. Кеткеннің емес, жеткеннің жасы. Бұл – кемел ой мен толысқан тәжірибенің, ғылыми ізденіс пен азаматтық ұстанымның үйлесім тапқан мерейлі белесі. Айналаңа көз тастап, осыған дейін не бітірдім, алда не бітіруге керек деп өзіңнен-өзің есеп алып, болашаққа жоспар құрып, кезек күтіп тұрған келелі істеріңе мойын бұратын сөз. Ал біздің кейіпкеріміздің еңселі елуге жемісті еңбегінің, ғылыми ізденістерінің арқасында қомақты қоржынмен, ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктермен жеткенін көруімізге болады.

Адамның азамат болып қалыптасуында, өмірдегі өз орнын табуында оның кір жуып, кіндік кескен жерінің де маңызы аз болмаса керек. Осы тұрғыдан келгенде, Ерхан дүние есігін ашқан қасиетті Қызылорда, киелі Қармақшы топырағын айтып кете алмаймыз. Ерхан Кәрібозұлы 1976 жылы 1 ақпан күні Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылында туған. Сол Қармақшы ауданында №105 орта мектепте білім алады. Кейіпкеріміздің

мектеп қабырғасында білім алған кезеңіне көз жүгіртсек, ол алғаш әдебиетпен қатар химия, физика сияқты жаратылыстану пәндерімен де жүйелі айналысқанын байқаймыз. Тіпті аудандық, облыстық деңгейлердегі түрлі олимпиадаға аталған пәндер бойынша қатысып, жүлделі орындарға ие болады. Бірақ кішкене кезінен естіп, жаттап өскен Сыр сұлейлерінің отты жырлары мен қисса-дастандарының әсері әдебиетке деген құштарлығын оятып, қагілез, жырыш бала бір-жола әдебиетке ден қояды. Ауданда «Жиенбай мектебі» деп аталатын мектептегі жыршылар үйірмесіне қатысады. Орындаушылық ерекшелігі мен тез жаттап алатын қасиетімен әрі есте сақтау қабілетінің мықтылығының арқасында ұстаздарының көзіне түсіп, ауызға ілінеді. Таланты мен еңбегінің арқасында атақты жыршы Шәмшат Төлепованың шәкірті атанады. Жастайынан Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Омар Шораяқ, Кете Жүсіп Ешниязбен қатар тағы басқа ақын, жыршы, жыраулардың термелерін сахнада шеберлікпен орындап жүреді. Мектеп қабырғасында құрылған «Жиенбай жырау» оркестрінің белді мүшесі болды. Таланты термеші, жыршы атанған қагілез кара баланың спорттан да құралақан еместігін байқаймыз. Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жеңіл атлетикадан спорт үйірмесіне қатынасады. Ол жерде де жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Тіпті орта мектепті аяқтаған соң, спорт мектебіндегі бапкерінің ұсынысымен өзі оқыған спорт мектебіне бапкер болып жұмысқа орналасады. Егер Ерханның әдебиетке деген сүйіспеншілігі басым болмаса, Әмен Тұяқов ағасы секілді желаяқ жүйрік атлет болып кетуі әбден мүмкін еді. Бірақ бойындағы әдебиетке деген құштарлығы оны 1994 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетіне оқуға әкеледі. Оқуға түсіп, студент атанған соң Ерхан Кәрібозұлының қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағындағы өмірі басталады. Университет қабырғасында көрнекті ғалымдар З.Қадалов, Т.Кәкішев, А.Қыраубаева, Ж.Дәдебаев секілді ұлағатты ұстаздарының дәрісін тыңдап, білім алады. Ғылымдағы алғашқы ізденістерін бастап, өзі қызығушылық танытып, таңдаған саласы бойынша баяндамалар жасайды. Ғылымдағы алғашқы қадамы осылай басталады.

Ерхан 1999 жылы Қазақ ұлттық университетін ойдағыдай аяқтайды. Осы университеттің магистратурасында білімін жалғастырады. Ғылым жолын таңдаған жас маман мұнымен тоқтамай, 2001-2003 жылдары Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасында аспирантурада оқиды. Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты етіп өзі жастайынан термелерін жаттап өскен, насихаттаған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығын белгілейді. Соны зерттеп, зерделеумен бел шешіп, түбегейлі айналысады. «Құлдыраңдаған Құлманбеттің құлынымын» деп айтыскер ақын Оразалы айтқандай, «Тұрмағамбеттің тұрымтайдай тұяғы» Ерхан Кәрібозұлы Тұрмағамбет мұрасының іздеушісі, зерттеушісі болуға бел байлайды. Аспирантураны сәтті аяқтаған соң, 2004-2005 жылдары «Адамар» қаспасында әдебиет бөлімінің редакторы қызметін атқарады. 2005 жылы белгілі ғалым, сүйікті ұстазымыз Ж.Дәдебаевтың ғылыми жетекшілігімен «Т.Ізтілеуұлы шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. Жылдар бойғы оқу мен үздіксіз ізденістің, тынымсыз еңбектің нәтижесі осылай қорытындыланады.

Ғылыми жұмысы сәтті қорғалып, ізденіс жолындағы бағыт-бағдары айқындалған соң, 2005 жылдың қыркүйегінен бастап Ерхан Кәрібозұлының өзі білім алған университетінің қазақ әдебиеті кафедрасындағы оқытушылық қызметі басталады. Ұстаздық қызметінде шәкірт тәрбиелеудің, оларды сөздің киесі саналатын әдебиетке, ғылымға баулудың қырсырын өзі кеше білім алып, бүгін әріптес болып, бірге қызмет атқарып жүрген ұстаз аға-апаларының үлгі-өнегесіне сүйене отырып, бойына сіңірді, шәкірттеріне сапалы жеткізе білді. Ол білім берудің құрғақ теориясымен ғана шектеліп қалмай, ұлттық құндылықтармен және рухани тәрбие мәселелерімен ұштастыра отырып жүргізді. Өзі кішкентайынан бойына сіңіріп өскен қазақ қисса-дастандарындағы адамгершілік, имандылық, үлкенге құрмет, адалдық мәселелерін білім алушылардың бойына сүйіспеншілікпен сіңіре білді. Қиссаларда айтылатын биік мораль мен кісіліктің, ізеттіліктің, мейірімділіктің белгісін Ерханның өз бойынан таба алатынына да шүбәңіз болмасын. «Қисса-дастандардағы адамгершілік категорияларының тірілей көрінісі ағайдың өзі ғой», – деген шәкірттерінің ақжарма пейілмен айтқан сөздерін талай естіп, іні-дос әріптесімді үшін марқайдық, кеудемізді қуаныш кернеді. Оның алдынан білім алып, дәрісін тыңдаған шәкірттері еліміздің әр түкпірінде жемісті еңбек етуде.

Ерхан Кәрібозұлы оқытушылықпен қатар біраз әкімшілік қызметтерді де абыроймен атқарды. Атап айтсақ, 2008-2010 жылдары факультет деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 2015-2017 жылдары деканның оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, 2017-2019 жылдары кафедра меңгерушісінің орынбасары лауазымдарында өзін білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде көрсете білді.

Ерхан Кәрібозұлы – қазақ әдебиетін зерттеуде өзінің еңбек етіп келе жатқан ғалымдардың бірі. Ғалымның еңбектері қазақ фольклорына, ұлттық әдебиеттің өзекті мәселелеріне оның көркемдік даму заңдылықтары мен әдеби үдерістегі дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығын терең талдаумен ерекшеленеді. Ғалымның ғылыми мақалалары мен зерттеулері республикалық басылымдарда жарық көріп, ғылыми ортада жоғары бағасын алды. Ерхан Кәрібозұлының негізгі ғылыми бағыты ХХ ғасырдың басындағы әдебиетке арналған. Ол – алыстан астам ғылыми мақаланың авторы. Зерттеушінің қаламынан туған ғылыми мақалалар мен оқу құралдары әдебиеттің өзекті мәселелерін қозғайды. «Шығыстық қисса-дастандар», «Т.Ізтілеуұлының ақындық шеберлігі», «Мәдениет-аралық коммуникация және аударма мәселелері», «Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығы» сияқты еңбектері мен автор ретінде атсалысқан ғылыми жинақтары өз алдына бір төбе. Мұнымен қатар ғалымның шетелдік журналдарда мақалалары жарық көрген.

Ерхан Кәрібозұлы – ел ертеніне бейжай қарамайтын, ұлтжанды, рухы биік азамат. Оның еңбектегі жетістіктері елеусіз қалған жоқ. Түрлі марапатқа ие болып, шәкірттері мен әріптестерінің ілтипатына, ыстық ықыласына бөленді. Ерхан өмірде де, ұстаздық қызметі мен ғылымда да ешкімге ұқсамайды. Өз жолы мен сұрлеуге бар, кен пейілді, ақынжанды. Кісілігі мен кішілігіне тәнтіміз. Әрдайым қарапайымдылықты, кішіпейілділікті, үлкенге құрмет көрсетуді өмірлік ұстанымына айналдырған. Ерхан Кәрібозұлы ошағында оты лауласа, отауында өні шырқалатын, ақ жағасын кірлетпеген, арамдықтың ауласына ашылдырмаған, адалдықтан аттамаған қалпы Құдай қосқан қосағы Әлия екеуі бес бала тәрбиелеп отырған, өсіп-өнген үлгілі отбасы. Елу жас – төкмейлісіп, тоқтайтын меже емес. Бұл – алдағы жаңа биіктерге бастар белес. Ғалымның алдағы уақытта да жемісті еңбек ете беретініне шүбәміз жоқ.

Сәкен ПЛЕУБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың доценті,
филология ғылымдарының
кандидаты



ТІЛ – РУХАНИ ҚАЗЫНА

Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің, ұлттық болмыстың, тәуелсіздіктің басты тірегі. Осы ұстанымды басшылыққа алған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалы мен «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы өңірде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында ауқымды әрі жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармамен меморандумға қол қойылып, бірлескен жоспар аясында нақты нәтижеге бағытталған іс-шаралар қолға алынды. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл мәдениетін арттыру, көрнекі ақпараттағы заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету атқарылған жұмыстардың негізгі өзегі болды.

Қонаев және Алатау қалаларында, сондай-ақ аудан орталықтары мен халық көп шоғырланатын орындарда тарихи тұлғалар тізіміне енген 16 тұлға туралы және 2025 жылғы мерейтой иелерінің өмірбаяны жайлы екі тілде жазылған ақпараттық плакаттар әзірленіп, көпшілікке қолжетімді орындарға ілінді. Бұл бастама тұрғындардың тарихи санасын қалыптастыруға, тұлғатану білімін арттыруға ықпал етті. «Қазақ тілі» қоғамының белсенді мүшесі Наталья Батракова «Қазақша сөйлесейік» атты жаңа жоба ұсынып, жыл бойы интернет желілерінде қазақ тілін үйретуге арналған сабақтарын тұрақты түрде жариялап отырды. Аталған жоба мемлекеттік тілді этнос қаласының көшесіне «Тіл – әр ұлттың ең қымбат қазынасы» деген мазмұндағы баннер ілінді, көпшілік назарын тіл мәселесіне аударуға бағытталған маңызды қадам жасалды.

«Қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік тілдің қолданылуы» тақырыбында облыстық тілдерді дамыту басқармасы, Халықаралық «Қазақ тілі»

қатысып, ынталандыру сыйлығына ие болды. Сондай-ақ аудан төрағалары арасында өткен ұлы Абайға арналған челлендж әзірленіп, басқа да мазмұнды материалдармен бірге әлеуметтік желілерге жарияланды.

«Қонаев – Алматы» тасжолындағы «Учебный центр» деген атаумен жазылған ақпараттық тақтада «Тіл туралы» Заңның 21-бабының талаптары бұзылғаны анықталып, қазіргі уақытта ол заңға сәйкес түзетілді. Бұдан бөлек, «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» атты республикалық байқауға облыстық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары қатысып, ІІІ жүлделі орынға ие болды. Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай «Қонаев – Алматы» тасжолына ұлт ұстазының нақыл сөзі жазылған мазмұнды баннер ілінді. 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай, қоғам жұмысына белсене атсалысқан азаматтарға Алғыс хат табыс етілді. Қазан айында өткен ұлттық диктантқа облыс аумағынан 1354 адам қатысып, тілге деген жауапкершілігін көрсетті. Ал 14 қараша күні 150-ден астам қазақ тілі мен әдебиеті пані мұғалімдерінің қатысуымен аймақтық «Тіл» форумы өтті. Сонымен қатар кәсіпкерлік нысандарда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, жарнама мен көрнекі ақпарат құралдарындағы тіл нормаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қонаев қаласы бойынша 150 нысан зерделеніп, оның 121-інде анықталған кемшіліктер түзетілді. Кәсіп иелеріне «Тіл туралы» Заң талаптары жан-жақты түсіндіріліп, әдістемелік көмек көрсетілді. Жүйелі жұмыс, нақты нәтиже және қоғамдық қолдау – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің басты кепілі. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Күләшша БЕЙСЕМБАЕВА,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Алматы облыстық филиалы
төрағасының орынбасары

● ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қазіргі таңда елімізде азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мен әлеуметтік әлсіз топтарға қолдау көрсету – мемлекет саясатының басты бағыттарының бірі. Осы орайда жүзеге асып жатқан «Әлеуметтік көпір» жобасы – халық пен мемлекет арасындағы сенімді нығайтатын маңызды шара.

Сенім көпірі



● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Кеген аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен және «Ақ жүрек-Кеген» облыстық есту қабілеті нашар мүгедектер қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Отбасын қолдау орталығында мемлекеттік құқықтық көмек туралы дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның мақсаты – әлеуметтік осал топтарды құқықтық сауаттандыру, мемлекеттік көмекті алу жолдарын түсіндіру, азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған қолдау тетіктерін кенінен насихаттау.

Кездесу барысында құқықтық көмек көрсету мекемелерінің мамандары азаматтарға кеңес беріп, өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

– Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы әрбір азаматтың заңдарды білуі мен оларды құрметтеуіне тікелей байланысты. Сауаттылық – құқық-бұзушылықтың алдын алудың негізгі шарттарының бірі. Егер адамдар өз құқығы мен міндетін жетік меңгерсе, заңсыздықтардың азаюы сөзсіз, – дейді шараны ұйымдастырушылар.

Қоғамдағы әділдік пен теңдікті қамтамасыз ету – заңгерлердің ғана емес, барлық жауапты органдардың, тіпті әр азаматтың ортақ міндеті. Мемлекет ұсыныатын тегін заңгер кеңесі, құжат рәсімдеу, әлеуметтік қорғау тетіктерін түсіндіру сынды іс-шаралар халықтың күнделікті өмірін жеңілдетеді. Бұл адамдардың өз құқығын білуіне, сенімді болуына, заңға жүгініп, әділдікке қол жеткізуіне жол ашады.

Кеген ауданы



● ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА

АРДАГЕР АТЫНА КӨШЕ БЕРІЛДІ



Қарасай ауданының Бекболат ауылында елдің есінде қалатындай жақсы жаңалық болды. Ол – Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, марқұм Әбікен Боздақовтың атына ардақталып, арнайы берілген көше.

Ақиқатқа жүгінетін болсақ, тілімізге тиек етіп отырған кейіпкеріміз Әбікен Боздақов 1908 жылы осы Қаскелең өңірінде дүниеге келген. Аткарған ормандарды әрбір қабылданған шешім үшін жауапты болуға міндеттейді. Бұл – әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз етудің нақты көрінісі.

● ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Құқықтық мемлекет құру жолында елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың ішінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) қабылдануы ерекше маңызға ие. Бұл кодекс билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған құқықтық құжат болып саналады.

Бұрын мемлекеттік органның шешімі басымдыққа ие болса, қазіргі таңда азаматтың құқықтары мен заңды мүдделері бірінші орынға қойылады. Кодекс мемлекеттік органдарды әрбір қабылданған шешім үшін жауапты болуға міндеттейді. Бұл – әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз етудің нақты көрінісі.

● БІЛІМ

Үйірмеден үйренер көп

Баланың жан-жақты дамуы тек мектептегі біліммен шектелмейді. Оның қабілетін ашу, қызығушылығын арттыру, бос уақытын тиімді ұйымдастыруда қосымша білім беру орталықтарындағы үйірмелердің ролі ерекше. Үйірме – баланың өз еркімен қатысатын, шығармашылық қабілетін еркін дамытуға мүмкіндік беретін орта. Бүгінгі цифрландыру дәуірінде үйірмелер балаларды виртуалды кеңістікке тәуелділіктен алыстатып, пайдалы іске бағыттайтын маңызды алаңға айналып отыр.

Топпен жұмыс жасау барысында балалар өзара қарым-қатынас орнатуды, жауапкершілік пен тәртіпті сақтауды үйренеді. Сонымен қатар үйірмелер кәсіби бағдар берудің тиімді құралы ретінде баланың болашақ мамандығын тандауға көмек ашады.

Көптеген кәсіпкерлердің бастамашысы: «Асаинова М.Т.», мекенжайы: Алматы қаласы, Нахимов көшесі, 51/1, 94 пәтер. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.
Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.
Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.
«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

жайға қанығамыз. Ол соғысқа дейін саналы түрде талай отандық қызметті табандылығымен тамаша атқара білген. Отызыншы жылдардың өзінде Жамбыл ауданындағы мектеп-интернаттың директоры қызметін атқарған. Сол жылдардағы аштықта талай қазақ баласын құтқарып қалғанын тарих беттері дәлелдей алады.

1941 жылы ҚазПИ-дің тарих факультетін бітіреді. Кейін соғыс

басталып, қиян-кескі ұрыстарға араласады. Әбікен Боздақов сол бір басынан кешкен шайқастарда нағыз ержүрек майдангер ретінде танылады. 1944 жылдың аяғында ауыр жараланып, елге қайтады. Бейбіт өмірде де еңбекке белшеше кірседі. Зейнеткерлік демалыста болса да, 1974 жылға дейін ұстаз және мектеп директоры қызметтерін абыроймен атқарады. Ол 90 жасында 1998 жылы дүниеден өтеді.

Отан үшін от кешкен Әбікен Боздақовтың жаралы жылдар кезінде еңбегі еленбей қалған кезі жоқ. Жауынгерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен және ондаған медальмен марапатталады. Ал бейбіт өмірдегі алған марапаттарының өзі бір төбе деп айтуға тұрарлық. Соның ішінде жиналған көпшілік Әбікен Боздақовтың атына Бекболат ауылынан көше аты берілгені үлкен марапаттың бірі әрі ерлігінің ескерілгені деп қабылдады. Бұл көшенің атын алу оңайға соққан жоқ. Бұған Бекболат ауылының әкімі Елдос Мұқатаев пен ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Бақытжан Әлменбетовтің табандарынан таусылып, ерен еңбек сіңіргенін ел-жұрт жақсы біледі.

Ардақты соғыс және еңбек ардагерінің атына берілген көшенің тұсаукесері де салтанатты жағдайда өтті. Онда абыройы асқақ ардагерлер қауымы атынан Қарасай аудандық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Серік Бертәйіұлы сөз алып, ақ ниетті тілегін айтты. Сол сияқты Әбікен Боздақовтың артында қалған ұрпақтары Сырым Боздақов пен Амангелді Естаев, Данияр Таймерденовтер ел-жұртқа ақ ниетті алғыстарын айтып, ағынан жарылды. Бұл қуанышты күн ауыл тұрғындары үшін ұмытылмайтын есте қалды.

Қанат ТӘКЕБАЕВ
Бекболат ауылы,
Қарасай ауданы

Маңызды қадам

ӘРПК-нің енгізілуі мемлекеттік басқару мәдениетінің өзгеруіне де ықпал етті. Мемлекеттік қызметшілер шешім қабылдауда заңдылықты, пропорционалдықты және адалдықты басшылыққа алуға тиіс. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтып, ашықтықты арттырады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі – құқықтық мемлекеттің берік іргетасы. Ол азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға, мемлекеттік биліктің жауапкершілігін арттыруға және әділетті қоғам қалыптастыруға қызмет етеді. ӘРПК-нің толық әрі тиімді іске асырылуы – еліміздің демократиялық даму жолындағы маңызды қадам.

Әйгерім ТАШКЕНБАЕВА,
Кеген аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бакылау басқармасының бөлім басшысы

107 оқушы табиғатты қорғау, туған өлкені тану бағытында білім алады. Көркем сөз, жас тілшілер, көркем жазу, мәдени тыңғу үйірмелерінде 271 оқушы қамтылған. Спорттық бағытта шахмат пен тоғызқұмалақ үйірмелері жұмыс істейді. 154 оқушы спортпен шұғылданады. Театр және би үйірмелеріне 48 оқушы қатысады.

Қорыта айтқанда, қосымша білім беру орталықтарындағы үйірмелер – баланың қабілетін ашып, тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды орта. Сондықтан үйірмелер жүйесін жетілдіру, олардың қолжетімділігін арттыру – сапалы ұрпақ тәрбиелеудің басты кепілі.

Гаухар АХМЕТОВА,
Жалағаш ауылындағы балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының директоры
Кеген ауданы

2026 жылға арналған басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №140838 болып тіркелген) №107 бұйрығына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылға арналған басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

М. СҰЛТАНҒАЗИЕВ

Алматы облысы әкімдігінің
2026 жылғы « » №
қаулысына қосымша

2026 жылға арналған басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары

№ р/с	Басым дақылдардың атауы	1 тонна/гектарға арналған бюджеттік субсидияның нормасы, теңге	Өлшем бірлігі, тонна/гектар
1	Қант қызылшасы	25 000	тонна
2	Жүгері	19 000	тонна
3	Майбұршақ	6 000	тонна
4	Картоп	22 000	тонна
5	Алма	20 000	тонна
6	Қызанақ	20 000	тонна
7	Өнеркәсіптік жылыжайдағы көкөніс	8 148 120,0	гектар
8	Фермерлік жылыжайдағы көкөніс	4 858 142,8	гектар

● ӨМІР-ӨЗЕН

Жарқын бейнесі Жадымызда

Кеген ауылының тұрғыны, аяулы досымыз Бақытгүл Ахметбайқызы ТІЛЕУІМБЕТОВАНЫҢ ауыр науқаспан дүниеден озғанына қырық күн таяп келеді.

1967-1977 жылдары Жаланащ ауылындағы қазақ орта мектебінде білім алған Бақытгүл Ахметбайқызы Тілеуімбетова медицина саласын саналы түрде тандап, еңбек жолын Кеген аудандық ауруханасында медбике қызметінен бастады. Алғашқы күннен-ақ өз ісіне ұқыптылығы мен жауапкершілігін танытып, науқастарға жанашырлықпен қарады. Кәсіби шеберлігінің арқасында терапия бөлімінде ширек ғасырға жуық аға медбике болып қызмет атқарып, бөлімшенің ұйымдастырушылық жұмысын, орта буын медицина қызметкерлерінің тәртібі мен сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз етті.

Ұзақ жыл бойғы адал еңбегінің нәтижесінде кейін Кеген аудандық ауруханасының бас медбикесі қызметіне тағайындалды. Бұл лауазымда ол ұжымның үйлесімді жұмыс істеуіне, ішкі тәртіптің сақталуына, көрсетілетін қызмет сапасының жоғары деңгейде болуына ерекше мән берді. Әріптестері үшін талапшыл әрі әділ басшы, ал науқастар үшін әрдайым мейірімді жан болды. Еңбек жолының соңғы кезеңінде, зейнет жасына жеткенше осы ауруханада науқастардың дұрыс әрі емдік талаптарға сай тамақтануын ұйымдастыруға жауапты маман болды. Бұл міндетті де аса тиянақтылықпен, үлкен жауапкершілікпен атқарды.

Бақытгүл Ахметбайқызы кәсіби қызметімен қатар, отбасында да үлкен беделге ие, сыйлы жан еді. Ол жұбайы мен бауырлары үшін әрдайым қамқор, ақылшы, тірек бола білді. Отбасы құндылықтарын жоғары қойып, ағайын арасындағы бірлік пен татулықты сақтауға ерекше көңіл бөлді. Қуанышты сәттерде де, қиын кезеңдерде де туған-туыстарының жанынан табылып, қолдау көрсетуді өзіне парыз санады. Мінезі жайдары, жүрегі кең, сабырлы да салмақты тұлға ретінде оны таныған барша жанның жадында қалды. Қарапайымдылық пен адалдықты өмірлік ұстаным етіп, айналасына тек жақсылық шуағын шашып өтті.

Марқұмның жарқын бейнесі, адамгершілік қасиеттері мен медицина саласына сіңірген ерен еңбегі туған-туыстарының, әріптестерінің және оны таныған барша жандардың жүрегінде мәңгі сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: бірге жүрген жора-жолдастары – Нұрпапа, Әлікен-Баян, Болат, Серік-Құралай, Марат-Раушан, Жақсылық, Марат-Гүлшат, Күлғайша, Гафура

ЕСКЕ АЛУ

Райымбек ауданы Шалқоңе ауылының тумасы, ардақты әке, асыл жар, өнегелі ұстаз **Мұрат СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ** бес күндік жалғаннан аққан жұлдыздай өте шыққанына биыл 15 жыл толып отыр. Бүгінде елге сыйлы, жүрегі мейірімге толы азаматты зор сағынышпен еске аламыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жаннатта болсын. Тірі болғанда бүгінгі күні 60 жасқа толар еді. Амал не, тағдыр оны арамыздан тым ерте алып кетті. Алайда соңында қалған өнегелі өмірі ешқашан ұмытылмайды. Шежіртері мен ұрпағы оның жарқын бейнесін мәңгі сақтап келеді.



Есімізден еш кетпейді қалың бір,
Өкінішті жазғанымыз сақын жыр.
Ардақты әке, асыл жар, иманды бол,
Болсын өмірі алдың бейіш, артың нұр.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жары – Оралхан, ұлдары – Жалғас, Орынбасар, Ержігіт, келіні – Ақерке, немерелері – Айша, Алдияр, Дінмұхамед

С 03.02.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного песка «Тазакум-2» Блоки-№5, №6, №7, №8, расположенные в 5 км юго-западнее г.Конаев Алматинской области.
Инициатор намечаемой деятельности: «Асаинова М.Т.», адрес: г.Алматы, ул.Нахимова,51/1, кв.94, тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.
Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.
Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz
ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.



● ФЕСТИВАЛЬ



Қыс қызығы – шаңғыда!

Кеген ауданында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жыл сайын «Денсаулық» фестивалі өткізіледі. Қысқы спорт мерекесі биыл Бөлексаз ауылының тұмса табиғаты аясында жалғасын тапты. Облыстық полиция департаменті және Кеген ауданы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған дәстүрлі шараға 500-ден астам өңір тұрғыны мен мемлекеттік қызметкер қатысты.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —

Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімінің бастығы, полиция майоры Әлішер Ахметжанов, аудандық мәслихат төрағасы Алмасбек Нұғман, «Өлке тынысы» ЖШС директоры Кәдірбек Құныпияұлы, облыстық «Алатау арайы» газетінің бас редакторы Қуаныш Тұңғатар, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Көпжасар Нұрлыбай жиналған көпшілікті салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуға шақырып, ізгі тілектерін жеткізді.

– Бүгінгі іс-шараның басты мақсаты – аудан тұрғындары мен мекеме қызметкерлері арасында спортты кеңінен дәріптеу, мемлекеттік қызметкерлердің оң имиджін қалыптастыру, ұжымдық бірлікті нығайту және жастарды зиянды әдеттерден аулақ болуға үндеу. Жастарға айтарым, спортты серік етіңіздер, денсаулықты басты байлық деп біліңіздер. Есірткіге, зиянды

әдеттерге жол жоқ. Салауатты өмір – жарқын болашақ кепілі, – деген Кеген ауданы басшысы жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Шараның өтуіне атсалысқан спорт әдіскері Ғани Байжұмаұлы, Самат Әлімғожаев, Мұрат Тобақанды, сондай-ақ «Денсаулық» фестивалі – 2026» аясындағы маңызды іс-шараны кеңінен

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынов қатысушыларға ақ батасын берді. Бас төреші Гайдар Мұқанқожаев жарыстың ережесімен таныстырды.

«Денсаулық» фестивалінің негізгі бәсекесі – шаңғы жарысы. Осы спорт түрімен айналысатын әуесқойлар Бөлексаз ауылының сағасында сынға түсті. Сайыс



насихаттап, қоғамға шынайы әрі жедел ақпарат жеткізудегі белсенді еңбектері үшін «Өлке тынысы» ЖШС ұжымын Алғыс хаттармен марапаттады.

– Есірткі, алкоголь секілді заңарлы, зиянды заттарға әуестенгенше, жастарымыз қысқы, жазғы спорт түрлеріне бейімделгенін оң құбылыс деп санаймыз. Менің есімде, ағаларымыз Бөлексаздан шаңғымен шығып, Жаманбұлақ арқылы Дәмердің сайынан өтіп, Тасбұлаққа дейін баратын. Сондай жақсы үрдіс қалыптасып келе жатқанына қуанамын. «Денсаулық» фестивалі жыл сайын ізгі жалғасын таба берсін! – деді осы ауылдың тумасы, «Өлке тынысы» ЖШС директоры, ақын Кәдірбек Құныпияұлы.

жас ерекшелігі бойынша ерлер мен әйелдер арасында өткізілді. Олар 1 км және 3 км қашықтықта сырғанады. Бұдан басқа, шамамен сүйреу, арқан тартыс, бұқа тартыс, қолкүрес, бөрене көтеру бойынша да өзара мықтылар анықталды.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Кеген ауылдық округінің командасы жеңіп алса, Бөлексаз ауылдық округінің командасы II орынды иеленді, ал III орын Кеген аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қызметкерлеріне бұйырды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы диплом мен медаль және бағалы сыйлықтар табысталды.

Кеген ауданы



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Күләш ӘЛІМҚОЖАҚЫЗЫ! Сізді мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өмір жолыңыз – адал еңбек пен кәсіби жауапкершіліктің, адамгершілік пен парасаттың жарқын үлгісі. Зан саласында ұзақ жыл бойы табанды еңбек етіп, түрлі қызметтік белестерден абыроймен өттіңіз. Елдің пен адалдық жолында тер төгіп, кейінгі жас мамандарға үлгі-өнеге көрсетуден жалыққан емессіз. Сіздің іскерлігіңіз, әділдігіңіз бен принципшілдігіңіз әрдайым әріптестеріңізге үлгі болып келеді.



Отбасыңызға деген жанашырлығыңыз, туған-туысқа қамқорлығыңыз, айналаңызға нұр шашқан ақжарқын мінезіңіз сізді елге сыйлы, жұртқа қадірлі етті. Осындай биік адамдық қасиеттеріңізбен ұрпаққа өнеге болып, ортамызда аман-есен жүре беріңіз демекпіз.

Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға аمانдық, еңбегіңізге құрмет, өміріңізге береке тілейміз. Алдағы уақытта да қуаныш пен шаттықтың, игі істердің бел ортасында абыройыңыз аласармай, жасай беріңіз деген ізгі тілегімізді жолдаймыз. Осы қуанышты сәтке орай сізге:

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Мол бақыт пен шаттықта өмір сүріңіз
Алыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп, шығыңыз!
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!
Ізгілікті нұрын шапар маңайға,
Адамсыз зой үлгі болар талайға.

Жақсылықты өзіңізден көп көрсен,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!
Үлгі болған үлкенге де, жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.
Бақыт гүлі солмасыншы сіздегі,
Ғасыр толған мерейлі 100 жаста да!
– деген жыр жолдарын арнай отырып,
өзіңізге зор денсаулық, таусылмас мол бақыт, ашық аспан тілейміз.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: әкесі – Әлімқожа, бауырлары мен келіндері

● ТЕАТР

Ертегілер елінде

«Өнерліге – өріс кең» деген қанатты сөз туған елінің абыройын асқақтатып жүрген әксерлесіміз, театр әртісі Алияр Нұрәділге қарата айтылғандай әсер қалдырады. Себебі ол – өнер жолында талмай ізденіп, сахна мәдениетіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан дарын иесі.



Жас болса да, биік белестерді бағындыра білген Алияр Нұрланбекұлы 1998 жылы Балқаш ауданы Береке ауылында дүниеге келген. Оқушы кезінен мектепшілік іс-шараларға белсене қатысты. Аудандық «Жайдарман» ойынында үш дүркін жеңімпаз атанып, облыстық сайыстарда өңірміздегі өнерлі жастардың көшін бастады. Мектеп табалдырығынан түлеп ұшқан жас өнерпаз 2016 жылы Алматы қаласындағы Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада және цирк колледжіне оқуға түсіп, аталған білім ордасын қуыршақ және драма театр әртісі мамандығы бойынша тәмамдады. Сонымен қатар 2019 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері М.Өтебаеваның шеберлік сыныбынан дәріс алды.

Таудай талабын тасқын бұлақтай сарқыратқан әңгіме кейіпкері еңбек жолын Алматы мемлекеттік академиялық қуыршақ театрынан бастаған. Бүгінгі таңда ол өзінің репертуарындағы 20-дан астам қойылымда әртүрлі рөлдерді сомдап, кішкентай көрерменнің ықыласына бөленіп жүр. Сонымен қатар режиссерлікке де қадам басып, «Анасын іздеген мамонт» қойылымын сахналады.

Алиярдың осы уақытқа дейін қуыршақ театрында ойнаған рөлдеріне тоқталар болсақ, ол «Арыстан үрейін қалай емдейміз?» қойылымында – Шаман мен Арыстан, «Күлше қызда» – Ханзада, «Үйшікте» – қасқыр, етең, «Ер Төстікте» – Ер Төстік, Саққұлақ, Таусоғар, «Тобада» – немере, «Бауырсақта» – аю, қасқыр, «Макбетте» – Малкольм, «Ұр, тоқпақта» – шал, «Қар ханшайымында» – ханзада, «Етік киген мысықта» – мысық, «Орман ғажайыптарында» – бала, «Ортекеде» – сал-сері, Жошы хан және тағы басқа кейіпкерлерді ерекше сомдап шықты.

Алияр 2025 жылы Малайзия елінің Куала Лумпур қаласына және Ресейдің астанасы Мәскеудегі С.Образцов атындағы қуыршақ театрына барып, өзінің режиссерлік біліктілігін арттырып қайтты. Сондай-ақ 2022 жылы Көкшетау қаласында өткізілген IV халықаралық «TeART-Көкше» фестивалінде және 2023 жылы Ресейдің Рязань қаласында өткен XIX халықаралық «Рязань көрсетілімдері» фестиваліне «Шал мен теңіз» спектаклімен қатысып, өзін тағы бір биік белестерге көрсете білді. Ал 2023 жылы Петропавл қаласында өткен Т.Жүргеновтің 125 жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының ХХІХ республикалық фестивалінде арнайы диплом алды. Сондай-ақ Түркияның Бурса қаласында және Грузияда өткен халықаралық өнер сайыстарында мерейі үстем болды.

Өнерпаздың еселі еңбегі ескерусіз қалмады. Ол «AMANAT» партиясының, Алматы қаласы әкімінің және Алматы қалалық мәдениет басқармасының, Қазақстан Театр қайраткерлері одағының Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен, қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат

қызметкерлерінің кәсіптік одағы тағайындаған «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

Мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестету мүмкін емес. Алиярдың осы киелі өнер жолын тандап, аз уақыт ішінде сахнада шыңдалып, биік белестерді бағындыруы – зор мақтаныш! Жерлесіміздің шығармашылық жолы жарқын, болашағы баянды болуына тілектеспіз.

Бақтығали ДӘУТБАЙ
Балқаш ауданы



Сыйластық дәмі

Ерлі-зайыптылар бір шаңырақ астында отыз жыл бірге тұрыпты. Әйелі күнде таңертең ерте тұрып, дәмді нан пісіреді екен. Нанды ортасынан қақ бөліп, жоғарғы бөлігіне май жағып, күйеуіне ұсынатын көрінеді.

Үйленгендеріне отыз жыл толған күні де әйелі ерте тұрып, дәмді нанын пісіреді. Таңғы сәтте нанды ортасынан екіге бөліп, екі бөлігінің де бетіне май жағып, әдеттегісіне нанның жоғарғы бөлігін күйеуіне ұсынғалы жатып, ойланyp қалады. «Нанның үстіңгі бөлігін жеуді отыз жыл армандадым. Үлгілі әйел болып, күйеуіме еш қарсы келмедім, балаларыма жақсы тәрбие беріп өсірдім. Қыз кезімнен сүйсініп жейтін нанның үстіңгі бөлігін бүгін өзім жеуіме болатын шығар», – деп ойлайды. Осылайша нанның астыңғы бөлігін күйеуіне ұсынады.

Нанды қолына алған күйеуі қуанып:

– Бүгін сен маған үлкен сый жасадың. Мен кішкентайымнан нанның табаға күйіңкіреп, сарғая піскен жағын жақсы көруші едім. Бірақ нанның бұл дәмді тұсын жеуге менен гөрі сен лайықсың деп ойлайтынмын, – депті.

PS: Сыйластық – отбасы тірегі. Бірін-бірі сыйлаған жандар әркез бақытты!

Дайындаған – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ



ТАҒЫЛЫМ ТАМШЫЛАРЫ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАҢБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС	8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҰРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ: Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 73